



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті  
қарағандылықтар!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн табиғаттың оянуын, жаңаруды, сондай-ақ, ұрпақтар жалғастығын білдіреді. Наурыз – бізді біріктіретін, жүректерімізді жарық пен үмітке толтыратын, жаңа жетістіктер мен ұлы істерге шабыт беретін ұлттық мейрам.

Ерте заманнан бері Наурыз мерекесі біріктің, ынтымақтастық пен қайырымдылықтың символы болып келеді. Бұл күн бізге өзара көмек, құрмет және жанашырлықтың қоғамымыз үшін аса маңызды екеніне меңзеп, ұлттық құндылықтардың насихатталуына жол ашып, табиғатпен және бір-бірімізбен үйлесімде дамуда үндейді.

Осынау ұлы мерекеге орай, барлықтарыңызға денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен өркендеу тілейміз. Наурыз мерекесі сіздерге қуаныш әкеліп, табысқа толы жаңа өмірдің бастауы болсын. Шаңырақтарыңыздан бақ-береке арылмасын!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Сабақтастық салтанаты



Қыстың қақаған суығы шегініп, көктемнің жұмсақ лебі сезілген сәтте қазақтың даласы да, жаны да өзгере бастады. Күннің шуағы табиғат анамызбен қоса, көңілдерді де жылытып тұр. Осы сәтте көне дәуірлерден жеткен: «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деген қасиетті үн қайта тіріледі. Бұл – жылдың келуі, тіршіліктің түлеуі. Наурыз. Ұлыс мейрамы. Ал, сол ұлы мейрамның кең тынысты, мазмұнды көрінісі – Наурызнама.

Наурыз, яғни, Ұлыс мейрамы – дүниетаным, уақыт философиясы, табиғат пен адам арасындағы үйлесімнің көрінісі. Сондықтан да, кейінгі жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Наурызды жанаша форматта атап өту тұжырымдамасының ұсынылуы – тарихи сабақтастықты қалпына келтірудің нақты қадамы.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Наурызнама онкүндігі әр күнге мазмұн берген, қоғамды ізгілікке бастайтын, ұлттық құндылықтарды жаңғыртатын жүйелі мерекелік кезеңге айналды.

Наурыздың басталу уақыты төңірегінде түрлі пікір мен көзқарас бар. Бізге белгілісі күн мен түннің теңелуі 21-22 наурызға сәйкес келеді. Алайда, халықтық танымда, тарихи деректерде жыл басы одан ертерек басталатыны жөнінде айғақтар бар.

– Бүгін Ақтауда күн 07:45-те шығып, 19:44-те; Астанада күн 06:24-те шығып, 18:23-те; Алматыда күн 06:02-де шығып, 18:01-де батады. Басқа жерлерде



де уақыт осындай. Яки, біреулер айтып жүргендей, «күн мен түн 22 наурызда теңеледі» деген сөз бекер. 22 наурызда күн түннен 20 минуттай ұзарып кетеді, – деді 14

наурыз күні, әулеуметтік желіде ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржан.

Тіпті, ұялы телефонына таң

атып, күн шыққан уақыт пен күн батқан уақыттың суретін түсіріп, жүктеп, жұрт назарына ұсынды. Бұл дерек Наурыздың астрономиялық әрі халықтық-танымдық не-

гізі бар екенін көрсетсе керек. Ал, этнограф Серік Ерғали бұл мәселені тереңірек тарқатады.

➤ 6-бет

• НАУРЫЗ-ДӘМ

«Балық жеген ет сұрамас»



Ұлттық болмыс дегеніміз не? Осындай сауал қойылса, әлбетте, ұлтымыздың төл мәдениеті мен салт-дәстүрін, ойындарын айтамыз. Тарқатып айтсақ, қазақтың киім үлгісі мен әні, жыры, күйі, қуаныш пен қайғысында атқарылатын салттары мен дәстүрлері қамтылады. Тұтастай алғанда, барлығы ұлттың дүниетанымын, мінезін қалыптастырады. Ұлттың айнасы. Жер бетіндегі халықтарды бір-бірінен айшықтайтын негізгі факторлардың бірі. Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында «Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік» деп жазылғанын еске түсіріңіз. Бірақ, осы ұлттық болмыс туралы әңгіме қозғағанда, көбіне ең маңызды детальді ұмытамыз. Бұл – «Ұлттық ас» деп төбемізге тұтатын ұлттық асханамыз. Тағам мен сусынсыз адам баласының күні жоқ. «Ас – адамның арқауы» дейміз. Ал, ұлттық ас дегеніміз не? Асханамыз ұлт болмысын қалыптастыруда қаншалықты маңызды рөл атқарады?

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық ас дегеніміз – жер бетіндегі халықтардың тіршілік етіп отырған жерінің табиғатына, өмір салтына, дүниетанымына қарай тұтынатын тағамдары мен сусындары. Тұтынған ас-суымыз адамның ішкі табиғатына да әсер ететіні анық. Өйткені, ішкен асың қаныңмен араласып, бойыңа сіңеді. Қан дегеніміз – ген. Осыдан «Ұлттық ген» деген ұғым пайда болады.

Қазақ «Қанына тартпағанның қары сынсын», «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дейді. Ата-бабамыз адамның жақсы, не жаман болуында алпыс екі та-

мырдағы қан маңызды рөл атқаратынын жақсы білсе керек. Сол себепті де, қан тазалығын сақтауға баса мән берген. Қанда жады болады. Тектегі жақсы қасиеттерді де, жаман қасиеттерді де сақтайды.

Қанның адамның ойына, мінез-құлқына әсері орасан. Ал, қазақтың «үлкен ас» деп қадірлейтіні – жылқы еті. «Жылқы мінезді қазақ» дейтініміз осыдан шықса керек. Құмарымыз – бал қымыз. Бүгінде «пәленше тойда бөйге, көкпар өтеді» десе, елеңдеп тұратынымыздың төркіні осында болса керек.

Батыстағы жұрттың фольклорындағы «Кентавр» дегендері – ата-бабаларымыз. Солардың көзіне баһадүр көшпенділер

жылқымен бір жаратылған құбылыс болып көрінді. Ат үстінде алып құрлықты ұсында ұстады.

Қымызын ішпесек, шөліміз қанып, көңіліміз марқаймаған, етін жемесек, денімізге қуат дарымаған. Яғни, қазақ еркіндігін де, қуатын да, суын да, асын да жылқыдан тапқан. Қазақтың романтикасы – қазы-қарта, жал-жая, бал қымыз.

Шетелдерге жұмыс барысымен жиі баратын Шыңғыс Зипатолла есімді азамат «бір аптадан артық уақыт ет жемесем, көңілім көншімейді» дейді.

– Еуропа елдерінде бір айдан астам уақыт іс-сапармен жүрдім. Қазы-қарта, жал-жая жеп, сорпа-сын ішіп өстік. Мамыр келсе, қы-



мыз ішкенше асығамыз. Бір апта уақыт өткенде жылқының етін аңсай бастадым. Мен ғана емес, жанымдағы басқа да қазақтар осыны айтып жүрді. Еуропаның керемет мейрамханаларынан ас іштік. Бір қарағанда тоқ едік. Бірақ, ағзамыз толық қуаттанбағандай әсерде жүрдік. Елге жеткенде жылқы етін құмарымыз қанғанша асаймыз, – деді.

Осы тұста ғылыми тұжырымдарға да бет бұрайық. Мәселен, жылқы еті темірге, А, В, Е дәрумендеріне бай, аздағана 8 есе жылдам сіңетін жоғары сапалы диеталық өнім. Ол холестеринді төмендетіп, жүрек-қан тамырларын нығайтады, ми қызметін жақсартады және иммунитетті көтереді. Сондай-ақ, гликогенге бай болғандықтан, шаршағанды

басып, күйзелістен арылтады. 17 түрлі ауруға ем ретінде танылған. Жылқы етінің құрамындағы майлар өсімдік тектес майларға жақын. Мидағы жасушаларды жаңартып, есте сақтау қабілетін арттырады. Күйзелісті басуға, жүйке жүйесін қалпына келтіруге көмектеседі.

➤ 5-бет

• КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

# Ғылыми-инновациялық интеграция игілігі

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде ғылым мен технологиялар жөніндегі Кеңестің отырысы өтті. Іс-шара барысында өңірлік инновациялық-индустриалды QarTech хабы таныстырылды. Кеңес жұмысына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова қатысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

QarTech – Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен өткен жылы құрылған Қазақстандағы алғашқы өңірлік инновациялық-индустриалды хаб. Ол ғылым, өндіріс және мемлекеттік секторды біріктіріп, өңірдің стратегиялық маңызды бағыттары бойынша жұмыс істейді. Атап айтқанда, тау-кен және металлургия, көмірхимия және жаңа материалдар, индустрия 4.0 және автоматтандыру, экология және қалдықтарды басқару салаларын қамтиды.

– Бүгінгі таңда ғылымды, технологияларды және инновацияларды дамыту өңірдің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қарағанды облысы дәстүрлі түрде еліміздің ірі индустриялық орталығы саналады. Сондықтан, біздің басты міндетіміз – ғылым жетістіктерін, цифрлық шешімдер мен заманауи технологияларды өндіріс саласына енгізу арқылы өңір экономикасын жаңа сапалы деңгейге көтеру. Өңірде инновацияны одан әрі дамыту және оны экономиканың нақты секторымен интеграциялау аясында бірқатар шаралар қабылданды. Ғылым және инновацияларды дамыту мәселелері менің төрағалығымен тұрақты түрде осы кеңестің отырыстарында қаралатын болады. Инновацияны дамыту индикаторлары – облыстың 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарына енгізілді. Ғылыми жобаларды іске асыруды ынталандыру мақсатында гранттық қаржыландыру бойынша жеке облыстық бюджеттік бағдарлама ашылды. Корпоративтік акселераторлар мен хакатондар тұрақты негізде жүргізіледі. Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, өткен жылы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті мен Қарағанды индустриалды университетінің базасында «QarTech» және «Kazakhmys» сияқты жүйе құраушы кәсіпорындардың қатысуымен екі хакатон өткізілді. Жалпы ғылыми жобаларды іске асыру үшін 2025-2027 жылдары облыстық бюджеттен 1 млрд теңге көлемінде қаржы көзделген, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Кеңес барысында ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова өңірдегі жоғары білім,



ғылым және индустрия салаларының өзара ықпалдастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Қарағанды облысында жоғары білім, ғылым және индустрия салаларының өзара байланысы белсенді түрде дамып келеді. Ғылым мен технологиялар жөніндегі кеңес тұрақты түрде жұмыс істейді. Бүгінде біз өңірлік «QarTech» хабының қабырғасында тұрмыз, ал, алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар өте көп. Айта кету керек, Қарағанды облысы – үлкен адами әлеуетке, соның ішінде, ғалымдарға бай өңір. Қазіргі таңда өңірде 1700-ден астам ғалым еңбек етеді. Оның жартысына жуығы – жас ғалымдар. Олар бүгінде жас ғалымдарға арналған конкурстар аясында, «Жас ғалым» жобалары бойынша және басқа да бастамалар арқылы ғылыми жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысып жатыр. Жалпы, ғылым саласының жасарып келе жатқанын байқауға болады. Егер 2-3 жыл бұрын еліміздегі ғалымдардың орташа жасы 50-ден асса, бүгінде бұл көрсеткіш 42 жасқа дейін төмендеді. Яғни, жастар ғылымға сенім артып, белсенді түрде келе бастады. Сондықтан, ғылыми жобалар мен идеяларды жүзеге асыруда үлкен үміт бар, – деді ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова.

Хабтың қазіргі қызметі мен 2026 жылға арналған жоспарлары туралы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Сауле Сағинтаева баяндады. Оның айтуынша, университет өңірдегі индустриалды инновациялардың негізгі платформасына айналдырылып отыр.

– Қарағанды облысы ел экономикасында маңызды орын алады: жалпы ішкі өнімнің 7%-ын қамтамасыз етеді, ал өңірлік өнімнің 40,8%-ы өнеркәсіпке тиесілі. 2022-2024 жылдары 3,1 трлн теңге инвестиция тартылып, оның 62,3%-ы өндіріс саласына бағытталған. Университетте 587 оқытушы, 9

200-ден астам студент бар. Ғылыми база құрамында 52 зертхана жұмыс істейді. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар көлемі 2,8 млрд теңгеге жетіп, оның 1 млрд теңгесі кәсіпорындардың тапсырысы болды. Коммерцияландыру нәтижесінде «Сақтау» антикоррозиялық жабыны өндіріліп, 1 млрд теңгеден астам өнім шығарылды. Сонымен қатар, университетте 43 коммерцияландыруға дайын жоба бар. Бұл жұмыстардың барлығы QarTech хабы аясында жүзеге асуда. Хаб тау-кен, металлургия, жаңа материалдар, цифрландыру және экология бағыттарын қамтиды. 2025 жылдың соңында 100 маман оқытылып, 10 стартап іске қосылды, 400-ден астам адам қатысқан форум өтті. 2026 жылы жаңа зертханалар мен өндірістік орталықтар ашу жоспарланған. Хаб кәсіпорындарға ғылыми зерттеу, технология енгізу және кадр даярлау бойынша толық қолдау көрсетеді. QarTech – ғылым мен өндірісті біріктіріп, өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеретін тиімді алаң, – деді Сауле Сағинтаева.

Бүгінде университеттің 100-ден астам қызметкері біліктілігін арттырып, 120 ғалым инновациялық кәсіпкерлікке оқытылып QarTech нақты нәтижелер көрсетуде. Сонымен қатар, 10 стартап инкубациядан өтіп, сегіз жоба акселерацияланды. Екі өнеркәсіптік хакатон ұйымдастырылып, өңірлік инновациялық форумдарына 400-ден астам адам қатысты.

«Казпромавтоматика» ЖШС техникалық директоры Дмитрий Лепехов өнеркәсіпке цифрлық технологиялар енгізу жайын қозғайды. Ал, Cardiff University Kazakhstan басқарма мүшесі Талғат Жүсіпбек халықаралық ынтымақтастықтың келешегіне тоқталды.

– Компания өнеркәсіп саласында 21 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, осы кезеңде ондаған ірі жобаны жүзеге асырған. Бүгінде кәсіпорын та-

у-кен, металлургия және өндірістің өзге де салаларында кешенді автоматтандыру жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі уақытта Қарағандыда жана инженерлік орталықтың құрылысы жүріп жатыр. Жоба аясында өндірістік және жинақтау учаскелері іске қосылған. Орталықты 2026 жылдың күзіне дейін пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар, оқу сыныптарын кеңейту көзделуде. Компания жоғары оқу орындарымен және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатқан. Негізгі бағыттарына кен байыту комбинаттарын автоматтандыру, металлургиялық зауыттарды диспетчерлендіру, байыту фабрикаларын және жерасты шахталарын басқару жүйелерін енгізу кіреді. Компанияның жобалары Қазақстанмен қатар ТМД елдері, Еуропа және Жапония нарығында жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда Сузаль кен орнындағы фабриканы автоматтандыру жобасы аяқталуға жақын. Цифрландыру аясындағы маңызды бағыттардың бірі – «Ақылды қала» жүйесін дамыту. Бұл бірінші цифрлық платформа қалалық қызметтерді біріктіріп, коммуналдық инфрақұрылымды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Қарағандыда бірінші диспетчерлік орталық құру жоспарланған. Ол су, жылу, электр және жарық жүйелерін біріктіріп, барлық қызметтердің жұмысын үйлестіреді, – деді «Казпромавтоматика» ЖШС техникалық директоры Дмитрий Лепехов.

2026 жылы хаб инфрақұрылымын кеңейту жоспарланып отыр. Атап айтқанда, зертханалық-өндірістік кешен, технологиялық орталықтар және жаңа қорвинг алаңдары құрылмақ. Жалпы, ғылым мен технологиялар жөніндегі Кеңес өңірдің ғылыми әлеуетін арттыруға, сондай-ақ, бизнес пен университет арасындағы тиімді байланысты нығайтуға бағытталған.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# Дәстүр мен технология үйлесімі

Наурыз – күн мен түннің теңелуімен байланысты, халқымыздың рухани тамыры мен тарихи жадын, ұлттық болмысын, татулық пен бірлікті паш ететін ұлы мереке. Кеншілер өлкесінде жыл сайын Наурызнама аясында ұлттық дәстүрлер мен заманауи технологияны үйлестіретін бай бағдарламалар ұйымдастырылып, тұрғындарға мерекенің шынайы рухын сезіну мүмкіндігі беріледі. Быыл бірқатар іс-шара жоспарланып, оның басым бөлігі 14-18 наурыз аралығында жүзеге асты. Тұрғындар, жастар, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдары белсенді қатысып, мерекенің мәнін кенінен паш етіп, көңілдерге ерекше қуаныш сыйлады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов пен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағанды қаласындағы басты шара 21 наурызда орталық саябақта өтеді және «Saryarqa» теларнасы арқылы онлайн көрсетіледі. Сонымен қатар, мерекелік шараларға республикалық деңгейде апаратын қолдау қамтамасыз етіледі. 23 наурызда «Таза Қазақстан» акциясы аясында мерекеден кейінгі аумақтар мен саябақтарды тазарту жұмыстары жүргізілмек, – деді Нұрлан Бикенов.

Облыс аумағында Наурыз мейрамы халқымыздың рухани тамыры және қоғамдық бірліктің көрінісі ретінде жоғары деңгейде қолға алынып отыр. Ұлыстың ұлы күнінде жастарға тағалым беріп, отбасылық бірлікті нығайтуға және қоғамдық келісім мен өзара сыйластықты дәріптеуге бағытталған.

Облыс бойынша мерекені өткізуге кешенді тұжырымдама әзірленді. Бұл бағдарлама ұлттық дәстүр мен заманауи мазмұнды үйлестіріп, тұрғындар мен қонақтар үшін тартымды, қолайлы мерекелік атмосфера қалыптастыруға арналған.

Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес, мерекелік шаралар облыстың барлық қала және аудандарын қамтиды.

– Облыста 2026 жылғы Наурызнама аясында 1000-нан астам іс-шара өткізіліп, оның 80-ге жуығы ірі мәдени-көпшілік және этномәдени бағытты қамтиды. Негізгі іс-шаралар орталық саябақта ұйымдастырылып, тұрғындар мен қонақтар үшін ыңғайлы, қауіпсіз және мазмұнды орта жасалған. Бұл – мерекенің ұлттық дәстүр мен заманауи технологияны біріктірудің нақты мысалы, – деп атап өтті Ғалымжан Өтелбайұлы.

«Digital Наурыз – 2026» және Жасанды интеллект жылы аясында жаңа технологиялар енгізіліп, онлайн-музей сабақтары мен промо-роликтер арқылы мерекенің мазмұнымен цифрлық форматта танысуға мүмкіндік беріліп отыр.

Мерекенің басты алаңы – кеншілер астанасының Орталық мәдениет және демалыс саябағы. Негізгі бағдарлама 21 және 22 наурызда өтеді. Бұл екі күндік формат тұрғындар мен қонақтардың көптеп қатысуына, шаралардың жан-жақты ұйымдастырылуына мүмкіндік береді.

Саябақта 30х60 метрлік шатыр, киіз үйлер кешені, ұлттық спорт алаңдары, колөнершілер аймағы, сауда павильондары, арт және фо-

тозналар, балалар ойын алаңы, алтыбақан, тамақтану аймағы және кіреберіс сәндік арқа орналастырылған. Киіз үйлердің әрқайсысы жеке тақырыпта безендіріліп, ұлттық салт-дәстүр, тағам мәдениеті, тарихи мұра, колөнер және қазақты тұрмыс таныстырылады.

– «Digital Наурыз – 2026» бағдарламасы аясында жасанды интеллект пен интерактивті форматтарды енгізу мерекені заманауи аудиторияға тартымды етпек. Онлайн-музей сабақтары мен промо-роликтер арқылы тұрғындар мен жастар Наурыз дәстүрімен цифрлық форматта таныса алады. Бұл мерекенің мазмұнын кеңейтіп, ұлттық мәдени мұраны дәріптеудің жаңа мүмкіндігін ұсынып отыр, – деп толықтырды Ғалымжан Өтелбайұлы.

Мерекенің басты мәдени өзегі – шатыр ішіндегі концерттік және театрландырылған бағдарлама. Өңірлерден келген шығармашылық ұжымдар, өнерпаздар және арнайы шақырылған қонақтар – Нұрлан Өнербаев, «Жігіттер» тобы, Маржан Арапбаева өнер көрсетеді. Бағдарламада дәстүрлі он, ұлттық би, театрландырылған көріністер мен заманауи шығармашылық үйлеседі.

Сонымен бірге, 21 наурыз сағат 14:00-де Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында дәстүрлі облыстық айттыс өтеді. Сонымен қатар, Wow! Наурыз жобасы аясында интерактивті және шығармашылық форматтағы түрлі белсенділіктер ұйымдастырылады. Атап айтсақ, ұтыс ойындары, колөнершілер көрмесі, аниматорлар бағдарламасы, фотозоналар, балаларға арналған ойын-сауық аймақтары, шеберлік сағаттары, ұлттық музыка мен би алаңдары.

Мерекені өткізу барысында қауіпсіздік, санитарлық талаптар, қоғамдық тәртіп, көлік және жауау жүргізуі ағыны, техникалық қамтамасыз ету, экологиялық тазалық және ақпараттық сүйемелдеу – басты назарда. Барлық жауапты құрылымның үйлесімді жұмысы мерекенің нәтижелі болуына негіз болады.

Арқа төсіндегі Наурыз мейрамы – өткен мен болашақты, дәстүр мен заманауи технологияны үйлестіретін бірегей шара. 1000-нан астам іс-шара мен инновациялық жобалар тұрғындардың мерекеге қатысуына, ұлттық мәдени мұраны танып-білуіне және қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуға бағытталған.

# Қауіпсіздік қаперден шықпайды

Облыста өндірістің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жаңа деңгейге көтерілуде. Бұл мәселе әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық ұшжақты комиссияның кезекті отырысында жан-жақты талқыланды. Басқосуда аймақтағы еңбекті қорғау нормаларының сақталу деңгейі сараланып, алдағы кезеңге арналған нақты міндеттер айқындалды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жыныға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мемлекеттік органдар, кәсіподақ ұйымдары және өңірдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Qarmet, «Қазақмыс», «Шұбаркөл Көмір», «Altyn Komir Service» және «Nova Zink» компаниялары еңбек қауіпсіздігін арттыру бағытындағы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу – басты назарда. Бұл бағыттағы бақылауды Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жүзеге асырады. Ведомство



жоспардан тыс тексерулер жүргізіп, өндірістік жарақаттану фактілерін тергейді.

Соңғы бір жылда еңбек инспекциясына үш мыңнан астам өтініш түскен. Тұрғындар көбінесе еңбек шарттарының болмауына, заңсыз жұмыстан босатуға және еңбекқауының кешіктірілуіне қатысты шағымданады. Жүргізілген 600-ден астам тексерудің нәтижесінде көптеген заң бұзушылық анықталып, олардың басым бөлігі еңбек қатынастары саласына тиесілі екені белгілі болды.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті облыстық департаментінің басшысы Медеу Ахметовтің айтуынша, қазіргі заманғы еңбек қауіпсіздігі тек талаптарды орындаумен шектелмейді.

– Қауіпсіздік – ең алдымен мәдениет. Бүгінде өңірдегі 64 кәсіпорын «Нөлдік жарақаттану – Vision Zero» тұжырымдамасына қосылды. Жалпы алғанда, өндірістік жарақаттану деңгейінің төмендеуі үрдісі байқалады, оның ішінде өліммен аяқталған


жағдайлар да азайды, – дейді ол.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде цифрландырудың рөлі артып келеді. Мәселен, металлургиялық кәсіпорындардың бірінде өндірістік процестер мен ықтимал қауіптерді тәулік бойы бақылап отыратын ахуалдық орталық жұмыс істейді. Бұл жүйе қауіптің алдын алуға және жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Облыста әкімдіктер мен кәсіподақтар арасындағы өзара іс-қимыл да жүйелі түрде жолға қойылған. Негізгі бағыт – 2024-2026 жылдарға арналған ұшжақты келісімді іске асыру. Қарағанды қаласында жоспарланған 27 іс-шараның басым бөлігі орындалған. Былтыр комиссия жеті рет бас қосып, 14 өзекті мәселені қараған.

Кәсіподақтар да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Еңбек ұжымдарында 63 кездесу ұйымдастырылып, жұмысшылардың құқықтары мен қауіпсіздігі мәселелері талқыланды. Сонымен бірге, дауларды шешу мақсатында кәсіпкерлер қауымдастығы жанынан медиативтік орталық құрылды.

Бүгінде кеншілер астанасында 90 мыңнан астам адамды біріктіретін 304 бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді. Жұмыс орындарын сақтау мақсатында әкімдік, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасында өзара түсіністік туралы меморандумдар жасалуда. Бұл қадамдар жаппай қысқартулардың алдын алып, кәсіпорындар-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дағы тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

– Өндірісті өлке үшін еңбек қауіпсіздігі – стратегиялық маңызы бар мәселе. Біздің ортақ міндетіміз – әрбір жұмыс орнында қауіпсіз жағдай қалыптастыру. Бұл үшін мемлекет, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасында тұрақты диалог қажет. Сонымен қатар, өндірісті жаңғыртып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән беруіміз керек, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Бұдан бөлек, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі де күн тәртібінен түскен жоқ. Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту, оларға еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселелері ерекше бақылауда.

Жалпы, облыста еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар жүзеге асырылып жатыр. Әлеуметтік әріптестік институтының нығаюы мен заманауи тәсілдердің енгізілуі өңірдегі еңбек қатынастарының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік бермек.

• 23 НАУРЫЗ – ТАРАЗУ КҮНІ

## Таза жерге құт қонар

Иә, 23 наурызда Қазақстанда мерекелік «Наурызнама» онкүндігі төмамдалады. Бұл күн «Тазару күні» деп жарияланып, ұлттық экологиялық қозғалысқа арналады. Ол – ата-баба дәстүрлерін табиғатты қорғаудың заманауи талаптарымен ұштастыратын ерекше күн.

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы күні еліміздің барлық өңірінде тұрғындар сенбілікке шығып, аулалар мен саябақтарды, скверлерді қоқыстан тазартып, ағаш отырғызып, қоғамдық кеңістіктерді ретке келтіреді. Аймағымызда әлі қар жатқанына қарамастан, мерекелік іс-шаралар ауқымды өткендіктен, Тазару күні «Digital Nauruz-2026» шарасының қисынды жалғасына айналмақ. 21-22 наурыз күндері Орталық саябақта, «Достық үйі» алаңында және басқа да орындарда өткен жаппай мерекелік шаралардан кейін өңір тазалық эстафетасына кіріседі.

Қарағанды қаласында Жастар ресурстық орталығының еріктілері саябақтарда алдын ала тазалық жұмыстарын бастап кеткен. Әскери қызметшілер мен кәсіпорын қызметкерлері де жаппай түрлі бейсенбілік пен сенбіліктерге кірісіп те кеткен. Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалалары мен аудандарда да көшет отырғызу және аумақтарды тазарту бойынша жергілікті ілкімді іс-шаралар көзделді.

Еске сала кетейік, облыста өткен «Наурызнама» онкүндігі аясында мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды. Мәселен, Ұлттық киім күні, спорттық турнирлер, жасанды интеллект элементтері бар цифрлық фестивальдер өткізілді. Ал, қорытынды есебіндегі «Тазару күні» жаңару мен бірліктің мерекесіне символдық нүкте қояды.

«Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі». Ардақты оқырман! 23 наурызда Тазалық күнінде Сіз де бейқам қалмаңыз! Таза жерге құт қонар. Өркенді өңірімізді бірге тазартып, көркейтуге үлес қосайық!

• НАУРЫЗ – ҚУАНЫШ

## Мерекедегі қоныстой

Жақсылықтың жаршысы болған Ұлыстың ұлы күнінде игі бастамалар бастау алды. Наурыз мейрамы қарсаңында Қарқаралы ауданында тоғыз қопалалы отбасы жаңа пәтердің кілтін иеленді. Олардың басым бөлігі баспана кезегінде жеті жылдан астам уақыт тұрған.

– Біздің отбасымыз үшін бұл – ерекше сәт. Мұндай қуанышты сөзбен жеткізу қиын. Мемлекеттің шынайы қолдауын сезіндік, – дейді қопалалы ана Жазира Әбдірахманова.

Осындай қуанышты сәтті басқа да жаңа қоныс иелері бөлісті.

– Бүгінгі күн бізге зор бақыт сыйлады. Оның үстіне бұл Наурыз қарсаңында болғаны ерекше әсерлі. Балаларымыз үшін де үлкен қуаныш, – дейді Балнұр Кәрімбек.

Жаңа пәтер иелерін аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин құттықтап, тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыт – ауданның негізгі әлеуметтік міндеттерінің бірі.

Қарқаралы ауданында тұрғын үй мәселесін шешу жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы жеке кәсіпкерлердің қатысуымен коммуналдық тұрғын үй қорына арналған үйлердің құрылысы басталған. Нәтижесінде ауданда 80 пәтерлік 27 үй салынды. Жаңа баспаналар тек аудан орталығында ғана емес, Көкжар пен Матақ ауылдарында да бой көтерді.

Өз тілшімізден

• НАУРЫЗ – СҰХБАТ

## «Наурыз діни мереке емес»

Наурыз – жаңару мен үйлесімнің ғана емес, ұлт рухының айнасы. Табиғатпен бірге адам да түлейтін бұл мейрамның терең мәні көбіне сыртқы сан-салтанаттың тасасында қалып жатады. Ұлттық дүниетаным мен рухани жаңғырудың өзегіне айналған Наурыздың шынайы болмысы жайында шығыстанушы, Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы Қаршыға Серікұлы Мұқышпен сұхбаттастық.

– Наурыз мейрамы қазақ халқының дүниетанымы мен табиғатқа деген көзқарасын қалай көрсетеді?

– Наурыз мейрамын қазақ халқының дүниетанымы тұрғысынан қарастырсақ, күн мен түннің теңелуі, жыл мезгілдерінің алмасуы, қыс пен көктем, жарық пен қараңғы, реніш пен татулық, өкпе мен кешірім сияқты ұғымдар қарама-қарсылық пен диалектикалық күрес заңдары арқылы емес, керісінше үйлесім мен тепе-теңдік негізінде түсіндіріледі. Яғни, өзгеріс күрестен емес, табиғи ырғақ пен ішкі үндестіктен туындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Наурыз мейрамы – табиғаттың циклдық айналымының жаңа кезеңінің бастауы. Басқаша айтқанда, бұл – адамның табиғат заңдылықтарына деген тәжірибелік рефлексиясының көрінісі.

Бұл мәселеде ұлттық жады шырақшысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерінің маңызы зор. Оның «Наурызнама» еңбегінде: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама» – деп атап көрсетіледі. Бұл пікір Наурыздың діни мерекеден гөрі ұлттық, халықтық сипатқа ие екенін айқындайды.

Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Ұлыс – түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазаққа Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» – деп жазады. Мұндағы «ұлыс» ұғымы мемлекет, ел деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, «Ұлыс оң болсын!», «Ұлыстың ұлы күні» деген тіркестер тек тұрмыстық емес, елдік, мемлекеттік мазмұнға ие ұғымдар болып табылады.

Наурыз мейрамы қазақ дүниетанымында тек табиғи құбылыстардың өзгерісін ғана емес, үйлесім мен тұтастыққа негізделген әлемді қабылдау тәсілін, сондай-ақ, ұлттық бірегейлік пен елдік сананың көрінісін білдіреді.

– Наурыздағы «жаңару» ұғымы қазақтың дәстүрлі мәдениетінде қандай философиялық мәнге ие?

– Наурыз мейрамы – қазақ халқының дүниетанымында ерекше орын алатын, табиғат пен адам өмірінің терең байланысын айқындайтын мереке. Бұл күн тек күнтізбелік жаңа жылдың бастауы ғана емес, сонымен қатар, «жаңғыру», яғни, қайта түлеу, жаңару идеясымен тығыз байланысты. Қазақ халқы табиғаттың тірі ағза ретінде қабылдап, өзін оның ажырамас бөлігі деп түсінген. Сондықтан, табиғаттың жаңаруы адам өмірімен де атасып жатады. Яғни, сыртқы әлемдегі өзгеріс адамның ішкі дүниесіне де әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңғыру – адамның рухани тазаруы мен жаңаруының белгісі. Сонымен қатар, Наурыздағы жаңару әлеуметтік мәнге де ие. Бұл күні адамдар бір-бірімен көрісіп, өкпе-реніштерін ұмытып, кешірім сұрайды. Араздықтың орнын татулық басады. Мұның өзі қоғамдағы үй-

лесімділікті қалпына келтірудің маңызды жолдарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Елді, жұртты оңға бастаймын, ілгері басуына, мал басының өсуіне тілеулес боламын деушілер осы Наурызды құрметтеп, Ұлыстың ұлы күні ретінде той-тамаша қылдыруға тырысу керек», – дейді.

Осы орайда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Наурызнама» еңбегінде Едіге би Наурыз мейрамын тойлау үшін Сәти Мырзағұлұлы ауылына арнайы барғаны баяндалады. Осы кезде Сәти мырза қонақжайлық пен жомарттықтың айқын үлгісін көрсетіп, «Міне, менің Наурызым» деп, Едігенің өзіне түйе бастаған тоғыз тарту етеді. Сонымен қатар, келген жүз кісінің әрқайсысын құр жібермей, біріне түйе, біріне ат мінгізіп, тіпті атшыларға дейін матадан сый үлестіргені айтылады.

Осы жомарттыққа байланысты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Осыдан кейін құт-береке Сәти-Шорман балаларына ауған» – деп тұрғын жасайды. Аталған дерек Наурыз мейрамының тек табиғаттың жаңаруы ғана емес, сонымен қатар, жомарттық, ма жасауға мүмкіндік береді. Кешірім сұрау, ренішті ұмыту – рухани тазарудың маңызды қадамдары. Ол ұлттық сананы күшейтіп, ортақ құндылықтар төңірегін де біріктіреді.

– Қазақстанда Наурыз – тек көктемнің күн мен түннің теңелуі мерекесі ғана емес, халқымыздың рухани және мәдени мұрасын көрсететін ерекше дәстүр. Алайда, соңғы жылдары кейбір маңызды дәстүрлер ұмытылып, мереке тек көңіл көтеру мен дастарқан жайу деңгейінде ғана қалды. Сол себепті, 2024 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен «Наурызнама» тұжырымдамасы ұлттық мерекемізді жаңғырту, дәстүрлерді сақтау және қоғамдағы татулықты нығайту мақсатында қолға алынды.

«Наурызнама» тұжырымдамасының негізгі ерекшелігі – Наурыз мерекесін онкүндік (декада) форматында өткізу. Бұл дегеніміз, мереке тек бір күндік шара емес, әр күні ерекше тақырыпқа арналған іс-шаралармен, салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы жалғасады. Онкүндік аясында адамдар бір-біріне көрісіп, өкпе-ренішті ұмытып, кешірім сұрап, татулық пен бауырмалдықты көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар, қолөнер шеберханалары, мәдени және экологиялық іс-шаралар өткізіледі.

Тұжырымдама Наурыздың рухани мәнін жаңғыртуға бағытталған. Мысалы, наурыз көже дайындау арқылы молшылық пен

және көпқырлы. Ол тек дәстүрлі мейрам ғана емес, қазіргі заман үшін де маңызды тәрбиелік әрі рухани құндылықтарды қалыптастыратын ерекше мәдени құбылыс.

Біріншіден, тәрбиелік тұрғыдан алғанда, Наурыз жастарды ұлттық құндылықтарға баулиды. Ұлкенге құрмет, кішіге ізет, қонақжайлық, жомарттық сияқты қасиеттер осы мереке барысында нақты әрекет арқылы үйретіледі. Көрісу дәстүрі, наурыз көже тарту, бата беру – бұлардың барлығы адамгершілік тәрбиенің тірі үлгілері. Бұл, әсіресе, жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтауға ықпал етеді.

Екіншіден, Наурыздың рухани маңызы – адамның ішкі жаңаруымен байланысты. Көктеммен бірге келетін бұл мереке адамға өткенге есеп беріп, жаңа баста-



ге ие. Үйді тазалау, ескі заттардан арылу – жамандық пен кірбінді артта қалдырудың белгісі. Ал, жаңа киім – жаңа өмірдің, жаңа үміттің нышаны. Бұл әрекеттер адамның ішкі жан дүниесін де жаңартуға бағытталған. Наурыз-дәстүрдегі «жаңғыру» ұғымы қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінде табиғат, адам және қоғам арасындағы үйлесімділікті білдіреді. Бұл – тек маусымдық өзгеріс емес, тұтас болмыстың қайта түлеуі. Жаңғыру арқылы адам өз өміріне жаңаша мән беріп, рухани тұрғыдан жетілуге қадам жасайды. Сондықтан, Наурыз – жаңарудың ғана емес, үйлесім мен үміттің мерекесі.

Осы орайда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Наурызнама» еңбегінде Едіге би Наурыз мейрамын тойлау үшін Сәти Мырзағұлұлы ауылына арнайы барғаны баяндалады. Осы кезде Сәти мырза қонақжайлық пен жомарттықтың айқын үлгісін көрсетіп, «Міне, менің Наурызым» деп, Едігенің өзіне түйе бастаған тоғыз тарту етеді. Сонымен қатар, келген жүз кісінің әрқайсысын құр жібермей, біріне түйе, біріне ат мінгізіп, тіпті атшыларға дейін матадан сый үлестіргені айтылады.

Осы жомарттыққа байланысты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Осыдан кейін құт-береке Сәти-Шорман балаларына ауған» – деп тұрғын жасайды. Аталған дерек Наурыз мейрамының тек табиғаттың жаңаруы ғана емес, сонымен қатар, жомарттық, ма жасауға мүмкіндік береді. Кешірім сұрау, ренішті ұмыту – рухани тазарудың маңызды қадамдары. Ол ұлттық сананы күшейтіп, ортақ құндылықтар төңірегін де біріктіреді.

– Қазақстанда Наурыз – тек көктемнің күн мен түннің теңелуі мерекесі ғана емес, халқымыздың рухани және мәдени мұрасын көрсететін ерекше дәстүр. Алайда, соңғы жылдары кейбір маңызды дәстүрлер ұмытылып, мереке тек көңіл көтеру мен дастарқан жайу деңгейінде ғана қалды. Сол себепті, 2024 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен «Наурызнама» тұжырымдамасы ұлттық мерекемізді жаңғырту, дәстүрлерді сақтау және қоғамдағы татулықты нығайту мақсатында қолға алынды.

«Наурызнама» тұжырымдамасының негізгі ерекшелігі – Наурыз мерекесін онкүндік (декада) форматында өткізу. Бұл дегеніміз, мереке тек бір күндік шара емес, әр күні ерекше тақырыпқа арналған іс-шаралармен, салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы жалғасады. Онкүндік аясында адамдар бір-біріне көрісіп, өкпе-ренішті ұмытып, кешірім сұрап, татулық пен бауырмалдықты көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар, қолөнер шеберханалары, мәдени және экологиялық іс-шаралар өткізіледі.

Тұжырымдама Наурыздың рухани мәнін жаңғыртуға бағытталған. Мысалы, наурыз көже дайындау арқылы молшылық пен



үшін Наурыздың мазмұны терең рухани құндылықтан гөрі сыртқы мерекелік атрибуттармен ғана шектеліп қалды.

Дегенмен, бұл құбылысты тек теріс бағалауға болмайды. Қазіргі таңда Наурыз жаңа әлеуметтік жағдайда қайта жаңғырып жатыр. Ол ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сананы жаңғырту, маңызды құралына айналу. Мемлекеттік деңгейде қолға алынған бастамалар мен қоғамдық қызығушылықтың артуы мерекенің құндылығын біртіндеп күшейтіп келеді.

Осылайша, Наурыз мейрамының құндылығының әлсіздігі – уақытша тарихи және әлеуметтік факторлардың нәтижесі. Болашақта дәстүр мен заманауи өмірдің үйлесуі арқылы оның мазмұны тереңдеп, қоғамдағы орны нығая түседі деген сенімдемін.

**«Наурызнама» тұжырымдамасының негізгі ерекшелігі – Наурыз мерекесін онкүндік (декада) форматында өткізу. Бұл дегеніміз, мереке тек бір күндік шара емес, әр күні ерекше тақырыпқа арналған іс-шаралармен, салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы жалғасады. Онкүндік аясында адамдар бір-біріне көрісіп, өкпе-ренішті ұмытып, кешірім сұрап, татулық пен бауырмалдықты көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар, қолөнер шеберханалары, мәдени және экологиялық іс-шаралар өткізіледі.**

бірлікті символдау, ағаш отырғызу мен табиғатты тазалау арқылы экологиялық сана қалыптастыру сияқты дәстүрлерді жастарға жеткізу басты мақсатқа айналған. Бұл тәсіл мерекені тек көңіл көтеру емес, тәрбиелік, мәдени және рухани құндылықтарды ұрпаққа жеткізуге арналған маңызды кезеңге айналдырады.

Сондай-ақ, «Наурызнама» тұжырымдамасы қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға ерекше мән береді. Ел азаматтары, ұлттың, дініне қарамастан, бір мейрамның аясында бір-біріне сыйластық танытып, бірлік пен бейбітшілікке үндейді. Бұл әсіресе қазіргі заманда ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу үшін маңызды.

– **Урбанизация мен заманауи өмір салты Наурызды тойлау мәдениетіне қандай өзгерістер алып келді?**

– Наурыз мейрамы ұзақ жылдар бойы тарихи-саяси себептермен шектеліп, халықтың күнделікті мәдени тәжірибесінен алыстап қалды. Әсіресе, кеңестік кезеңде бұл мереке ресми түрде тыйым салынуы оның ұрпақтан-ұрпаққа табиғи түрде берілуіне кедергі келтірді. Соның салдарынан Наурыздың терең философиялық, дүниетанымдық мәні әлсіреп, тек жекелеген элементтері ғана сақталды.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтарында мереке қайта жаңғырғанымен, қоғамдағы урбанизация үдерісі бұл іске өз әсерін тигізді. Қалаға жаппай көшу, дәстүрлі ауыл өмірінің әлсіреуі, отбасы мен көршілік қатынастардың өзгеруі мәдениет тасымалдаушы органдың үзілуіне әкелді. Нәтижесінде, көптеген адамдар

– **Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рахмет!**

Сұхбаттасқан  
**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

• НАУРЫЗ-ТАНЫМ


# Табиғат сөйлейтін мезгіл



• НАУРЫЗ-ЛЕБІЗ

## Көктем шуағы

Наурыз – қазақ дүниетанымында жай ғана ай атауы емес, тіршіліктің жаңарып, табиғаттың қайта түлейтін айрықша кезеңі. Бұл – қыс пен көктемнің алмасар шағы ғана емес, бүкіл жаратылыстың жаңа тыныс алатын сәті. Халқымыз осы мезгілдегі әрбір өзгерісті жіті бақылап, оны «Наурыздың тылсымдары» деп атаған. Өйткені, бұл уақытта табиғат үнсіз тіл қатып, өз заңдылығын, өз ырғағын паш етеді.



Коллаж жасаған Шынар Аманжол

21 наурыздан 22-сіне қараған түні Жердің Солтүстік жарты шарында астрономиялық көктем басталады. Күн мен түн теңеліп, жарық пен қараңғы, суық пен жылу тепе-теңдік табады. Бұл – табиғаттағы ғана емес, адам жаны үшін де ерекше үйлесім сәті. Күннің ұзаруы, жарықтың молаюы бүкіл тіршілік иесінің бойына қуат беріп, ұйқыдағы табиғатты оята бастайды. Құстардың қиқуы, судың сылдыры, топырақтың тынысы – бәрі де осы мезгілде ерекше естіледі.

Наурыздағы табиғи құбылыстардың әрқайсысы халық танымында өзіндік мәнге ие. Мәселен, осы айда жауатын үлпілдек, жұмсақ қарды «наурызша» деп атауының өзі тегін емес. Бұл қар тез еріп, жерге нәрлі ылғал береді. Сондықтан, «Наурызда қар жауса – ырыс жауады» деп ырымдаған. Шын мәнінде, бұл – жердің көктемгі ылғал қорын толықтырып, болашақ өнімнің негізін қалайтын табиғи үдеріс.

«Самарқанның көк тасы жібиді» деген ұғым да – терең мағынаға ие бейнелі сөз. Бұл тіркес тек аңыз емес, табиғаттағы үлкен өзгерістің символы. Күн мен түн теңелген шақта жердің тоны жібіп, қатып жатқан тіршілік қайта қозғалысқа түседі. Яғни, табиғаттың «өжүрегі» қайта соға бастайды дегуге болады. Наурыз – құстардың ора-

**Наурыз күндері ашық болса, жаз жайлы өтеді деп сенген. Ал, тұман жиі түссе – жаз жаңбырлы болады. Наурызда күн күркіресе, бұл жер астындағы тіршіліктің толық оянганының белгісі ретінде қабылданған.**

луымен де ерекше. Қараторғай мен бозторғайдың келуі – көктемнің нақты белгісі. Олардың мінез-құлқына қарап-ақ ауа райын болжаған. Егер қараторғайлар ұяларын дереу жөндей бастаса, көктем ерте шығады деп сенген. Ал, бозторғайлардың көкке көтеріліп, ұзақ сайрауы – күннің бірқалыпты жылынаатынының нышаны.

Қаз бен үйректің ұшу бағыты мен биіктігі де халық назарынан тыс қалмаған. Олар биік ұшса, жыл ылғалды, суы мол болады, ал, төмен ұшса, құрғақшылық болуы мүмкін деген болжам жасалған. Бұл – табиғат пен жануарлар әлемінің өзара тығыз байланысының айқын дәлелі.

Наурыз айында байқалатын

тағы бір ғажайып құбылыс – топырақтың «тыныс алуы». Күн сәулесі жерге тік түскенде, топырақтан бу көтеріліп, ерекше ніс тарайды. Ғылымда мұны «топырақтың пісуі» деп атаса, халық оны «Жер ананың дем алуы» деп бейнелі жеткізген. Бұл – жердің тіршілікке дайындалып, бойына қуат жинап жатқан сәті.

Қардың еру сипаты да ерекше мәнге ие. Егер қар күндіз еріп, түнде қайта қатса, ылғал жерге терең сіңіп, топырақ құнарын арттырады. Ал, қар күрт еріп, су бетімен ағып кетсе, жер ылғалдан қағылып, өнімге кері әсер етуі мүмкін. Демек, табиғаттың әрбір құбылысы – үлкен заңдылықтың бір бөлшегі.

Халықтық болжамдар да осы айда айқын көрінеді. Мәселен, Наурыз күндері ашық болса, жаз жайлы өтеді деп сенген. Ал, тұман жиі түссе – жаз жаңбырлы болады. Наурызда күн күркіресе, бұл жер астындағы тіршіліктің толық оянганының белгісі ретінде қабылданған.

Көктемнің соңына қарай қайың мен үйеңкі ағаштарында шырғын жүре бастайды. Бұл – жер қойнауындағы ылғал мен қоректік заттардың жоғары көтеріліп, өсімдіктердің тіршілікке толық кіріскенін білдіреді. Табиғаттың ішкі қозғалысы осылайша сыртқы белгілер арқылы көрініс табады.

Наурыздың тылсымы – оның көзге көрінбейтін үйлесімінде, үнсіз сөйлейтін сырда. Бұл ай – табиғат пен адамның арасындағы байланысты терең сезінуге мүмкіндік беретін ерекше кезең. Әрбір белгі, әрбір құбылыс – ата-бабамыздың табиғатты танып, түсінгенін туған даналық.

Наурыз – тек жаңа жылдың бастауы емес, ол – жанару мен үндестіктің, үміт пен өмірдің айы. Табиғаттың осы бір нозік сәтін сезіне білген жан ғана оның шынайы құдіретін ұғына алады.

**Сәкен КЕЛДІБАЕВ,**  
табиғат жанаһыры

Ардақты ағайын, қадірлі ел-жұрт! Көктемнің алғашқы шуағы көкжиектен жалқынданып, Жер-Ана бусанып, тіршілік атаулы қайта түлейтін ғажайып шақта Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз табалдырығымыздан аттады. Табиғатпен бірге адам жүрегі де жаңарып, көңілге шуақ, санаға серпін ұялайды. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл мереке – халқымыздың рухани тамыры мен өмірге деген мәңгілік құштарлығының айшықты нышаны.

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – ата-бабамыздан жеткен, береке мен бірліктің, жаңару мен жасампаздықтың мейрамы. Күн мен түн теңескен осы бір қасиетті шақта даламызға көктем келіп, көңілге үміт ұялайды. Наурыз – тек жыл басы емес, жүректердің тазарған, адамдардың қайта табысқан, ағайынның арқа-жарқа болған ерек кезеңі.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, ырысымыз мол, бірлігіміз бекем болсын! Әр шаңыраққа шаттық пен береке, әр отбасыға бақыт пен құт-береке тілеймін.

Көктемнің шуақты лебі жүректенді жылытып, даламызға жан бітірген осы бір мерейлі шақта әр үйден берекенің исі аңқып тұрсын. Ұлыстың ұлы күнімен бірге келген жаңару лебі санамызды сергітіп, үмітімізді ұштап, ертеңге деген сенімдімізді нығайтсын.

Наурыздың ақ таны әрбір жанға жарық ой, жарқын жол сыйлап, халқымыздың ырысы табысып, ағайынның арқа-жарқа болған ерек кезеңі. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз әрқайсымызға жаңа үміт, жаңа табыс әкелсін!

Ізгі тілекпен,  
**Тілеген ӘДІЛ,**  
ақын

• ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Еркебұлан ОНАЙБЕКОВ

Түйе боталап, тіршілік жаңарған шақ – Наурыздың келгенін аңғартады. Бұл – береке мен ырыстың бастауы, ел еңсесін көтерер Ұлыс күні.

• НАУРЫЗ-КЕРУЕН

## Мерекелік автобус жолға шығады

Қарағандыда 20 наурыз күні «Наурыз керуені» мерекелік жобасы аясында қала көшелеріне арнайы безендірілген автобус жолға шығады. Сәні мен салтанаты келіскен керуен бұл жолы Әліхан Бөкейхан ауданы арқылы жүріп өтіп, тұрғындарға өз Наурыздың шаттығын сезіндірмек.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс орталығының тұрғындарына мерекелік автобус бағыты бойында мазмұнды әрі көңілді бағдарлама әзірленді. Жолаушылар мен көшедегі көрермендер үшін әуезді музыка, би және көтеріңкі мерекелік көңіл-күй тарту етіледі. Бағдарламаның шарықтау сәті ретінде көпшілікке Дядя Карим есімімен кеңінен танымал Кәрім Асылбеков өнер көрсетпек. Танымал әнші мерекелік автобус жолаушыларымен бірге ән шырқайды.

Автобус қозғалысын сағат 11:00-де ЖБИ мәдениет үйінен бастайды. Бағыт бойында келесі аялдамалар қарастырылған. «Молодёжный» мәдениет үйі, «Ёжик» сауда үйі, Мануильский көшесі, «Жастар» кафесі, Теміржолшылар мәдениет үйі, Майқұдық саябағы, Жана Майқұдық мәдениет үйі.

Мерекелік маршрут сағат 16:00-де аяқталады.



• ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ

## Қарағанды құрты – ұлттық бренд

Qazaq National Product – құнарлы құрттымен танымал кәсіпорын. Қаптамаларында «Қарағандыда жасалған» деген жазуы бар дәстүрлі бірегей брендке айналды. Ертеде әжелеріміз жайған ақ құртқа жанаша сипат берген цех технологтары дәмдеуіштің түр-түрін қосып, тіл үйірер өнім әзірлеп келеді.

**Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелгіде кәсіпкер Жазира Төлегенова құрт саудасымен айналысқан. Ауыл өнімдерін қаладағы сауда орындарында сатқан. Табыстың көзін тауып, тіпті, Қырғызстаннан да тонналап құрт тасымалдапты. Маркетингі мықты меңгерген маман құрт сағатын екі сауда нүктесін ашқан. Сол кезде брендтік қораптарға салынған түрлі дәмдегі ассорти құрттары тұтынушылар арасында сұранысқа ие болды.

Уақыт өте келе, логистика, жеткізу мерзімінің ұзақтығы, бағаның қымбаттауы, өздері өндіргендіктен сапасына толық жауап бере алмау сынды кедергілермен бетпе-бет келіпті.

– Сол кезде «Неге осы ұлттық тағамды өзіміз өндірмесек?» деген ой келді. Осылайша өндіріс ашуға бел будық. Алғашқы қадам оңай болмады. Үйдің маңынан шағын орын жалдап, сүтпен тәжірибе жасап, құрт дайындауды үйіне бастадық. Қаржыландыру мәселесі де біраз қиындық тудырды. Екі рет бизнес грантына қатысқаныммен, онымыз сәтсіз болды. Сол кезде көңілім түсіп, тіпті, бизнесті тоқтату туралы шешім қабылдағым да келді. Бірақ, табандылық танытып, өз қаражатымызға сепаратор мен құрт жасайтын станок сатып алдық. Барлығын тәжірибе арқылы үйрендік, – дейді Жазира Төлегенова.

Осылайша, түрлі сынақ, күнделікті тәжірибе өндірісті жетілдірді. 2024 жылы кәсіпкер Қарағанды қаласы әкімінің грантына қатысып, қазылар алқасына өздері әзірлеген құртты ұсынады. Пішіні мен дәмі қазылар құрамын бірден танырқатып, жергілікті өнім қолдауға ие болды.

Сөйтіп, кәсіпкер 1,5 миллион теңге грантты иеленіп, өндірісіне қажетті



құрал-жабдықтар сатып алады. Сол жылдан бастап, өз цехында құрт өндіру ісі толық жолға қойылды. Бір жылдың ішінде кәсіпорын кеңейіп, жаңа цехқа көшкен.

Мұнымен қоса, цехта қаймақ, май, ірімшік, брынза және қызыл ірімшік дайындалады. Тіпті, ірімшік қайнатудан қалған көк суының өзі тұтынушылар арасында сұранысқа ие. Бұдан бөлек бидай талқанынан жент әзірлеп, ұлттық тағамдардың қатарын толықтырған.

Өнімдері қала дүкендері мен супермаркеттерінің сөресінде сатсап тұр. Оның үстіне былтыр кәсіпкер облыс әкімінің грантын жеңіп алып, жаңа пішін әзірлейтін станок сатып алған. Қазір өндірісте кәдеге жаратып отыр.

Отбасылық кәсіптің тағы бір тәтті естері – өнім рецептурасының барлығын өздері әзірлейді. Классикалық құрттан

бөлек, жаңа дәмдерді ойлап тауып, өнім көлемін молайтып отыр. Мысалға, сарымсақ қосылған құрт – осы өндірістің атап айтар жаңалығы. Бұл идеяны Жазираның жолдасы Айдар Қисаев ұсынған. «Алғашында жұрт қалай қабылдады екен?», деген қобалжу болғанымен, уақыт өте келе, бұл өнім нағыз брендке айналған. Табиғи ысталған ащы құрт пен сарымсақтың үйлесімі тәбет ашар дәм болып шыға келген.

Қазір өндірісте ащы құрттың бес түрі шығарылады: классикалық тұзды құрт, табиғи ысталған құрт, базилік қосылған құрт, сарымсақ құрты және чили қосылған ащы құрт. Жаз мезгілінде балғын сүзбеден құлпынай, өрік, қарақат секілді жемістер қосылған тәтті құрттар да дайындалады. Бұл өнімдер десерт ретінде ұсынылады.

Арнайы станоктардың көмегімен құртты домалақ, сықпа, спираль, ромбик сияқты әртүрлі пішінде жасауға мүмкіндік бар. Ал, асық пішіндегі құрттарына көпшілік қызығушылық танытып отыр. Алдағы уақытта цех ұжымы құртты төрт түлік малдың пішінінде дайындауды ойластыруда. Бұл бастамалары арқылы ұлттық тағамға деген қызығушылықты арттырып, қазақтың дәстүрлі өнімдерін заманауи форматта насихаттауды көздейді.

– Мен – жобаның авторымын. Өндірістің негізгі жұмысын жолға қойған – жолдасым Айдар Қисаев, ал, бас технологиямыз – қайған атам Сержан Қисаев. Біз бұл істі бір ғана сепаратордан бастап, барлық технологияны өз тәжірибеміз арқылы үйрендік, – дейді Жазира Төлегенова.

Шикізат негізінен жақын маңдағы шаруа қожалықтарынан алынады. Соның арқасында кәсіпкерлер ауылдағы еңбек адамдарының тіршілігімен де жақын танысқан. Қазіргі уақытта айына шамамен 2 тонна сүзбе өңделіп, одан 1 тонна дайын құрт өндіріледі.

Үш жыл ішінде әлеуметтік желілер мен дүкендер арқылы тұрақты тұтынушылар базасы қалыптасты. Қазіргі уақытта цех тауарлары қаладағы шағын дүкендерге жеткізіледі. Мұнымен қоса, «Корзина», «Реал» супермаркеттерімен серіктес. Базарларға да көтерме бағаман жеткізеді. Соңғы жарты жылда кәсіпкерлер Астана қаласына да дистрибуторлық компания арқылы өнім жөнелте бастаған.

Алдағы жоспарлары да ауқымды. Жазира Төлегенова үлкен команда құрып, өндіріс қуатын арттыруды, өнімді еліміздің ірі қалаларына жеткізуді күн тәртібіне қойып отыр. Негізгі мақсат – Qazaq National Product құрт өндірісін ұлттық брендке айналдыру. Болашақта құрт сататын дүкендердің франшизасын ашуды да мақсат етіп отыр.

Ұлттық тағамды жаңа деңгейге көтеруге ұмтылған жас кәсіпкерлердің бастамасы – құрттың тек ауылдың дәмі ғана емес, заман талабына сай дамып келе жатқан ұлттық брендке айналып келе жатқанын көрсетеді.

Суреттер  
кәсіпкердің мұрағатынан

• 20 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

# Ұлттық ойынның ұпайы түгел ме?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Қазақтың ұлттық спорт түрлерін лайықты жоғары деңгейде көрсету керек» деп баса айтқан болатын. Қарағанды өңірінде соңғы жылдары ұлттық спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Атап айтқанда, тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар сынды дәстүрлі ойындар кеңінен насихатталып, үлкен нәтиже көрсетіп келеді. Алайда, осы жетістіктердің көлеңкесінде қалып бара жатқан өзекті мәселелер де жоқ емес. Кейбір ұлттық спорт түрлері назардан тыс қалып, біртіндеп ұмытылып бара жатқанын өзіміз де байқамай барамыз. Мәселен, бірқатар ойын түрі бойынша жас буынды дайындайтын білікті маман тапшы болса, енді бірінде бар мамандарды тіркейтін штат болмай тұр. Осындай кенжелеп қалған спорт түрлерінің қатарына асау үйрету, қыз қуу, ақсүйек, теңге ілу, құсбегілік, тіпті бәйгені де жатқызуға болады. Неге?..

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда теңге ілу спортына балаларды тарту оңайға соқпай тұр. Бұған басты себеп – оның қауіп деңгейінің жоғары болуы. Жүйткіген аттың үстінде отырып, еңкейіп жерден теңге ілу кез келген баланың қолынан келе бермейді. Әрі баласын жетектеп алып келетін ата-ана да жоқ.

– Кезінде, бұл спорт түріне қызыққан бала көп болды. Ортаға тасталған тиынды ілу үшін үлкені де, кішісі де атқа конатын. Бүгінде жағдай басқа. Осы спорт түріне баулитын білікті мамандар тапшы. Негізі, ел көлемінде түрлі турнирлер ұйымдастырылып жатыр ғой. Алайда, сол жарыстарға арнайы дайындалып, тұрақты жаттығып қатысатын спортшылар саусақпен санарлық, – деді Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Нұржан Шайхін.

2000 жылдардың басында ұмыт бола бастаған асық ату мен жамбы ату бүгінде қайта жанданды. Бір кездері бұл спорт түрлері мүлде назардан тыс қалып, жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұрған еді. Балалар есік алдында шеңбер сызып, асық ойнағанымен, оны жүйелі спорт ретінде дамытуға, облыс көлемінде мән берілмегені рас. Уақыт өте келе, бұл олқылықтардың орны толып, ұлттық спортты жаңғырту ісі кезең-кезеңімен қолға алынды.

– Көкпар – қарқынды дамып келе жатқан ұлттық спорт түрлерінің бірі. Қазіргі таңда әр ауданда кем дегенде жеті жаттықтырушыдан бар. Ал, бәйгені де дамыған спорттың қатарына қосуға болады. Дегенмен, бұл бағыттағы негізгі жүктің басым бөлігі ауылдағы ағайынның иығында. Ат баптап, оны үлкен додаларға қосып жүрген де – солар. Соның арқасында бәйгеге қатысушылардың қатары көбей-



іп келеді. Алайда, өңірде осы спорт түрі бойынша жастарды дайындайтын мектеп те, кәсіби жаттықтырушылар да тым аз. Негізі, жаттықтырушы болуға лайық азаматтар баршылық. Бірақ, оларды жұмысқа қабылдау барысында арнайы дене шынықтыру білімі талап етіледі. Оның үстіне, бәрін бірдей қамтуға мүмкіндік жоқ. Бұдан бөлек, өңірде конкурсы спорты да дамып келеді. Оған қызығушылық танытатындар жеткілікті. Әрине, бұл ұлттық спорттың қатарына жатпайды. Дегенмен, ат спор-

ты болғандықтан, осы бағытта да жұмыс жүргізіліп жатыр. Ал, бұл саланы одан әрі дамыту үшін қажетті инфрақұрылым мен материалдық-техникалық база жеткіліксіз, – деді Нұржан Шайхін.

Құсбегілік те ұмыт қалып бара жатқан ұлттық спорт түрлерінің қатарында. Жалпы, өңірде тіркелгені, тіркелмегені бар шамамен 20-ға жуық бүркіт бар екен. Ал, спорт мектебінің басшысы бұл спорттың кенжелеп қалуына бірнеше себептің барын айтады.

– Жас бала 10-12 келі тартатын бүркітті өз бетінше көтеріп тұра алмайды. Оның үстіне, бүркіт Қызыл кітапқа енген. Яғни, оны ұстауға тыйым салынған. Біз мұны жақсы білеміз. Алайда, ұлттық спорт түрғысында пайдаланамыз. Негізі, бұл бір-біріне қайшы келетін жағдай. Өңірде құс ұшыруға, баптауға үйрететін жаттықтырушылар бар. Бірақ, балалардың қызығушылығы өте төмен. Оған қоса, үйірге қатысамын деген балаға қажетті аңға салу үшін қоян, көгершін, түлкі секілді жемтік те қажет.

Тағы бір қиындық – бүркіттің табиғаты. Бұл құс кез келген адамға бағына бермейді. Көбіне асырап отырған несінің баласына ғана үйір болады. Ал, оқу-жаттығу барысында әр балаға жеке-жеке бүркіт ұстау мүмкін емес, – деді «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры.

Құмай тазы, тазы жүгірту де көмескіленіп бара жатқан ұлттық спорт түрінің бірі. Өңірде бұл бағытта үйірмелер ашып, жүйелі насихаттау жұмыстары мардымсыз. Негізінде, көне спорттың тамыры үзілмей, бүгінге жетуіне ауыл азаматтарының еңбегі зор. Олар өз тазыларын баптап, жүгіртіп, тек «байқау болады» дегенде ғана долаға қосып жүр. Тіпті, кей жағдайда жарыстарға да алып келмей жатады. Ал, оларды арнайы шақырып, қатыстыру мәселесіне келгенде, үкімет тарапынан қаржылық қолдау қарастырылмаған.

– Жалпы, спорт қай кезде дамиды? Әрине, ең алдымен штат ашылып, соған сай қаржы бөлінгенде. Ең бірінші мәселе – төсінде алты ай қар жататын Қарағандыға жабық манеж қажет. Бізде оқу-жаттығу жиындары әдетте сәуір мен қазан айының аралығында өтеді. Ал, көктем мен күз айында жаттығу жұмыстарын жүргізу мүмкін емес. Жер-көк лай, батпақ болады. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан басқа спорт түрлеріне қыруар қаржы бөлінуде. Соларға бөлінген қаражатпен ұлттық спортқа берілген қаржыны салыстыруға да келмейді. Сол жаққа бөлінген қаражаттан шамалы бөліп, ұлттық спортқа да көңіл бөлуге болады ғой. Бұл туралы



мәселе талай мәрте көтерілген. Бірақ, нәтиже жоқ, – деді Нұржан Шайхін.

Соңғы жылдары қарқынды дамып жатқан спорт түрлерінің бірі – асық ату. Бұл спорт түрінен білікті мамандар жеткілікті. Өңірдің көрсеткіші де жаман емес. Дегенмен, мемлекет тарапынан осы бағытта штат қарастырылмай отыр. Бәйге спортында да жағдай ұқсас. Ат баптау, жарысқа қосу негізінен ауыл азаматтарының қолында. Осы спорт түрін дамытатын негізгі құш – ауыл тұрғындары. Ал, оларды қолдау үшін мемлекет тарапынан штат ашылмай тұр.

– Орта мектептерде асық ату, тоғызқұмалақ сияқты бірнеше ұлттық спорт түрінен арнайы үйірмелер бар. Алайда, сол үйірмелерді көбінесе дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жүргізеді. Негізі, бұл үйірмелерден бөлек, дене шынықтыру сабағында да ұлттық ойындарға уақыт бөлсек жақсы болар еді. Қазіргі таңда спорт залға кірген балаларды ағайылары әуелі жүгіртіп, содан соң ортаға допты тастай салады. Егер, аптасына бір мәрте ұлттық спорт түрлерінен сабақ өткізіп тұрса, баланың қызығушылығы әлдеқайда артар еді. Содан кейін сыныптар мен мектептер арасында турнирлер ұйымдастырсақ, ұлттық спортқа жанашыр жандардың қатары да көбейер еді, – деді Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Нұржан Шайхін.

Өңірде тиісті инфрақұрылым да, ересектерге арналған ұлттық спорт мектебі де жоқ. Өңірде жасөспірімдерге арналған спорт мектебі бар. Бірақ, нағыз жігіттік шаққа толғанда, сол ісін әрі қарай дамыта алмай қалып қойып жатады. Ал, оларды кәсіби деңгейде дайындайтын мамандар да жетіспейді. Бақсақ, басты мәселе қаржының жеткіліксіздігіне келіп тіреліп тұр. Егер тиісті қаражат бөлінсе, штат та ашылып, ғимараттың да іргетасы құйылар ма еді?!

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• НАУРЫЗ-ҚАМҚОРЛЫҚ

## Қамқорлық пен қуанышқа толы мейрам



Көктеммен бірге келетін жаңару мен жақсылықтың нышаны – аз Наурыз биыл да жүректерге жылы сыйлады. Әсіресе, ерекше күтімді қажет ететін балалар үшін мұндай мерекелік сәттердің мәні тіпті бөлек. Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі ұйымдастырған «Қош келдің, аз Наурыз атты іс-шарада дәл осы мейірім мен қамқорлықтың лебі анық сезілді.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік іс-шара барысында бүлдіршіндер мен олардың ата-аналары бір сәтке болса да, күнделікті күйбеңнен арылып, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді.

Кештің шырайын «Дарига-ай» этно-би ансамблі кіргізді. Қайырымдылық мақсатында өнер көрсеткен ұжым әуезді әндер орындап, көрерменге мерекелік көңіл сыйлады. Сонымен қатар, «Диля» би ансамблінің өнерпаздары «Қара жорға» биін билеп, ұлттық нақыштағы көріністермен кешті жандандыра түсті. Өншілердің орындауындағы әсем әндер де жиылған жұрттың көңілін көтерді.

– Біздің бөлімшеде үй жағдайында қызмет алатын 156 мүгедектігі бар бала бар. Бүгінгі мерекеге ата-аналарымен бірге 80 адам қатысып отыр. Барлық іс-шара демеушілердің қолдауымен ұйымдастырылды. Сонымен қатар, кеше 40 балаға, ертең тағы 40 балаға арналған мерекелік бағдарлама өткізу жоспарланған. Барынша көп баланы қамтуға тырысып жатырмыз, – деді бөлім меңгерушісі Аманкүл Алинова.

Аманкүл Оралханқызының айтуынша,

мұндай игі бастамалар балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, көңіл-күйінің көтерілуіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болсын әсер етеді. Іс-шараға қатысқан ата-аналар да ризашылықтарын жасырмады. Солардың бірі – Гүлжазира Құлмағанбетова.

– Үйде отыра бергеннен гөрі, балалардың сыртқа шығып, сергіп қайтқаны жақсы екен. Осындай игі шараны ұйымдастырып, балаларымызға көңіл бөліп жүрген жандарға алғысымыз шексіз. Әсіресе, қызым Алина үшін барын салып, жаңа да әнімен жұртты тәтті еткен Сония Хамитқызына ризашылығымызды білдіреміз. Балаларымыздың жүзінен қуаныш көргенде, көңіліміз марқайып қалады. Осындай мерекелер олардың қоғамнан шет қалмай, өздерін еркін сезінуіне мүмкіндік береді. Ең бастысы – балаларымыздың бақыты, – деді ол.

Мерекенің шынайы лебі сезілген бұл кеш балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, қоғамдағы жанашырлық пен мейірімнің маңызын тағы бір мәрте көрсетті. Өйткені, Наурыз – тек табиғаттың ғана емес, адамдардың да жүрегін жаңартатын мереке екені қадір.

Суретті түсірген автор

## «Балық жеген ет сұрамас»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Темір мен В12 дәруменіне өте бай болғандықтан, қаны аз адамдарға (анемия) ем және имунитетті нығайту үшін өте пайдалы. Ағза жасушаларын жаңарту арқылы картаю процесін баяулатады. Белгілі диетолог Елена Парецкая жапондарда жылқы еті нағыз деликатес болып саналатынын және ол басқа ет түрлеріне қарағанда қымбат тұратынын айтты.

Ұлттық асымыздың қадір-қасиетін жеткізу үшін Рымбек Баймұратұлы ақсақалдың дастархан басындағы өңгімесін тарқатайық.

– Кейде қонаққа жастар жағы ет желініп болған соң түрлі газдалған сусындарды «ас қорытуға керек» деп ішіп жатады. Орта жастан аскандар ас қорыту үдерісін жеңілдететін дәрілерге жүгінеді. Өкелеріміздің, аталарымыздың табак-табак ет жесе де асқазаны ауырмайтын еді. «Ас қорытылмай жатыр» деген әңгімені ешқашан естімеспін. Өйткені, олар ет жегеннен кейін міндетті түрде құрт қосылған сорпа ішетін. Сорпа ішпейінше дастарханнан тұрмайтын. Ас қорытуға арналған ең керек элементтер сорпада болады. Соны бұрынғылар білген. Еті мүжілген сүйектерді лақтырады бүгінгілер. Имунитетке қуат беретін дәрумендер сол сүйектің сорпасында. Қазір 60 жастан аскандардың сай-сүйегі сырқырап, буын ауруларына шалдығып жатады. Ал, бұрын ше, 80-90 жастағы қарияларымыз еңселі жүретін. Төрте малдас құрып, қасқайып отыратын. Бүгінгі күні көбіміз тісіміз түскен соң протез салдырмамыз. Ал, аталарымыздан протез дегенді көрмеппін. «Сүйегі асыл ғой, шіркін!» деп соларға тамсандық. Жалпы, дәрігері жоқ ауылдарда да көрдік. Дәріхана дегеннің бетін көрмей кетті ғой өкелеріміз. Қалталары құрттан босамайтын. Құрт бойға нәр беретін. Босанған келіншектерге қырық күн бойы үзбей имунитеті қалыпқа келсін деп қалжа жетгізіп, құрт көже ішкізетін. Енесінің сүтінен енді ажыраған ұсақ малдың төлінің еті жейтін. Оның құрамында еркектік қуатқа ең қажетті цинк дәрумені өте мол болады. Елубайлар мен Алпысбайлар қайдан туды деп ойлайсыз?! – деді ақсақал.

Жылқы етінің құнарын барынша қысқартуға айттық. Ұлттық дастарханымыздың басқа дәмдері туралы айтарымыз көп. Дегенмен, көзі қарақты оқырманға «Америка ашудан» аулақпыз. Ұлттық асымыздың көл-көсір пайдасы туралы білгісі келген жан үшін мол ақпарат бар. Әуелгі ойымызды төңіректейік.

Түйсігімізде ең әуелі тән саулығын ойлаймыз. Тәттің саулығы тікелей ас-суымызға байланысты. Ауру адам әуелден-ақ өз басымен қайғы. Өзгеге де масыл. Қазақтың «ауру – астан» деп кесіп айтатыны содан. «Тәні саудың жаны сау» деген сөзіміз де бар. «Тән азығы, жан азығы» деп азықты екіге бөлетін халықтық. Жан азығы дегеніміз – халықтың рухани мұрасы. Тән азығы дұрыс болмай, жан саулығы жоқ. Бабаларымыз екеуі бір-бірімен ажырамастай қабысқанын білген. Осы екі сөзді кейінде әншейін бір ұранға балап жүргеніміз – шандық. Мәніне үнілсек, осы екі сөзбен-ақ бабаларымыз өмірде мәнге, бақытқа жетудің жолын көрсетіп берген.



Тән азығы дұрыс болмай, жан саулығы жоқ. Бабаларымыз екеуі бір-бірімен ажырамастай қабысқанын білген. Осы екі сөзді кейінде әншейін бір ұранға балап жүргеніміз – шандық. Мәніне үнілсек, осы екі сөзбен-ақ бабаларымыз өмірде мәнге, бақытқа жетудің жолын көрсетіп берген.

Бүгінде мемлекетіміз жаһан жұртына ынтымақ пен берекенің, татулықтың озық үлгісін көрсетіп отыр. Мемлекетіміздің басышы Қасым-Жомарт Тоқаевты қабілетті дипломат деп мойындайды. Дипломатия қазақтың қанына сіңген қабілет екенін түсінсек керек. Қазаққа дипломатияның көкесі осы дастархан басында жасалған. Тірілік қамы бүйірінен қалай қысса да, «Астан үлкен емеспіз» деп қонаққа шақырып тұрған адамның үйіне ат басын бұрған. Осылайша, астың қадірі өзара сыйластықты арттырған. «Дастарханның басында дұшпан да – дос» деп араздасқан адаммен дастарханда татуласқан. «Атын барда – жер таны желіп жүріп, асын барда – ел таны беріп жүріп». Дастарханы бай адам елге сүйкімді болған. Асты ақ-адал ниетімен тартып, «Берген ас түске жетпейді, ниет естен кетпейді» деген. «Сыйлап берсе, суын іш» деп, ниетін беріп тұрған адамның қолын қақпаған. «Тату үйдің тамағы тәтті» деп татулықтың қадірін астың дәмділігімен жеткізген. «Қойдың ба-

сы-құданың асы». Шаңырақ иесі мейманына деген алғаусыз құрметін қойдың басын тартумен көрсеткен.

«Қара сыбаға» деген қазақ халқының салты бар. Қазақ сыйлы адамдарына, жақын-туыстарына жыл сайын тиісті сыбағасын сақтап отырған. Оны әдейі сақтау да, сол сияқты кісілердің келіп өз сыбағасын жеу де үлкен парыз әрі сыйластық, құрмет белгісі. Сыбаға сақтамау да, сақталған сыбағаны тата алмау да – бір сын. Сол сияқты сыйлы адамдар қайтыс болған күнде де көзқорғендер ол адамның сыбағасын үзбей оның отбасына, әйеліне немесе балаларына әдейі жіберіп отырған. Қазақтың дархан көңілі, қайырымдылығы осы бір ғана салтанат-ақ көрінеді.

Ұлттық астың ұлттық болмысты сақтауда қаншалықты маңызды рөл атқаратынын жеткізу үшін Еуропа елдерін мысалға алып көрелік. Кәрі құрлықтағы жұрттың бүгінде 20-30%-ы семіздік дертіне шалдыққан. Ол жаққа жүрек пен тамыр аурулары кеңінен таралған. Ресми көрсеткіштерге сүйенсек, Еуропа елдерінің жастары – жеңіл әрі қысқа уақытта әзірленетін фасфудқа тәуелді.

Жеген асын, ішкен суың қанына сіңетінін сөз басында айттық. Құнарлы астан ажыраған жұрттар азындалу жолына да түсіп жатыр. Ұлттық болмыстан ажырағаны бергі жағы, өздерінің әуелгі жаратылысынан адасуда.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

# Сабақтастық салтанаты



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Наурыз мейрамы дегенді күн мен түннің теңесуі деп қабылдаймыз. Оны наурыздың 21-22-сі дейміз де, оған 23 наурызды қосып қойдық демалыс қылып, бірақ, Наурыз мейрамы түркілердің жаңа жылынан басталады. Түркілердің жаңа жылы 21-22-сінде емес, 14 наурызда болатын. Біз Наурыз мейрамының басын кесіп тастадық да, аяғын «Наурыз мейрамы» деп отыз жыл бойы тойлаған болып келдік. Біз Наурыз мерекесіне байланысты қате түсініктерді түзетіп, 14 наурызды мүшелдің жыл басы деп ежелгі бабалардың танымына қайта қайтуымыз керек. Қазақта «амал келді, жыл келді» деген тәмсіл бар. Амал деген – наурыз

айының бұрынғы атауы. Амал деген – шокжұлдыз. Оны орысша Гама дейді, парсылар Хамал дейді, Каспийдің арғы бетіндегі қазақтар Қамал, бергі бетіндегі қазақтар Амал дейді, арабтар Хамадия дейді. Ал, бұл – сонау шумерлерден келе жатқан Камал шокжұлдызының атауы болатын. Яғни, Қамал жұлдызы мен Күннің бір-біріне әрекеттесуіне байланысты күн көктемге айналады. Біздің жаңа жыл – көктемнің келуімен бірге келеді. Көктемнің бірінші күні – 14 наурыз, 13 наурызда тоқсан күн қыс шығады, тоқсан күн көктем кіреді. Жылқы жылы 1 қаңтарда емес, 14 наурызда кіреді. Шоқан Уәлиханов та өз қолымен салған күнтізбесінде астрономиялық және 12 жылдың сызбасында жаңа жылды наурыз-

дан бастаған, – дейді ғалым.

Мұнда да Наурызнаманың 14 наурыздан басталуының тарихи негізі бар екенін айқын көреміз.

Демек, бүгінгі Наурызнама – әр күні белгілі бір құндылыққа құрылған жүйе. Атап айтсақ, көрісу күні, қайырымдылық күні, мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, шаңырақ күні, ұлттық киім күні, жанару күні, ұлттық спорт күні – ынтымақ күні, Ұлыстың ұлы күні және тазару күні.

Әр күннің атауы айтып тұрғандай, онкүндікте қазақтың тұтас болмысы бар. Бұл құрылым арқылы Наурыз қоғамға бағыт-бағдар беретін рухани мектепке айналып отыр.

Наурызнаманың тарихи тамыры туралы қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушылары да

нақты тұщымды пікір қалдырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурызнамасындағы той, мереке, қызығы Бұқар мен Хиуада да болмаған, есіп сөйлейді қазақ... қайда атақты асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле бидің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болған» деп Ұлыс мейрамының төркініне үңілген.

Ал, Ахат Шәкәрімұлы өз естелігінде: «Әкей айтты, бүгін ескіше 1 март, жаңаша 14 март қазақша жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні» дейді.

Бұдан бөлек, хакім Абай: «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, күшпактасып...» деп жырласа, Ахмет Байтұрсынұлы: «Келгенінше құттықтап бірін-бірі, қуанышта көрісіп кәрі-жасы. Көңілі түгел адамның сен келген соң, Самарқанның елжіретіп түскен тасы» деп тәпсірлепті.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың наурыз – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап-жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек!» деп кесіп айтты.

Бұл пікірлер де Наурызнаманың айтулы мереке бола отырып, қазақтың тұтас өмір салты екенін дәлелдейді.

Сонымен бірге, тарих ғылымдарының докторы, про-

фессор Мақсат Алпысбек Наурыздың мәнін көшпелі өмірмен байланыстыра түсіндіріпті.

– Наурыз мерекесінің тарихи өте ежелгі дәуірлерден басталады. Қазір ресми түсінікте үш мың жылдық тарихы бар деп айтылады. Бірақ, одан да ертерек деп айтуымыз керек. Мал шаруашылығымен айналысқан халықтар үшін көктем мезгілі – ерекше кезең. Бұл уақытта төрт түлік төлдеп, тіршілік жаңарады. Мал төлгенде кезде ең алғашқы алынатын тағам – уыз. Сондықтан, менің жеке түсінігімде, Наурыз табиғаттың ғана емес, бүкіл шаруашылық өмірдің жаңарған шағын білдіреді, – атап өткен.

Бұл ғылыми тұжырым Наурызнаманың мәдени әрі экономикалық-әлеуметтік мәні бар екенін аңғартса керек.

Осылайша, кеңестік кезеңде үзілген дәстүр бүгін қайта жалғанып отыр. 1926 жылы тыйым салынған Наурыз 1988 жылы ғана қайта оралды. Алайда, оның толық мазмұны сақталмай, уақыт өте келе ықшамдалып кеткені рас.

Бүгінгі Наурызнама – сол үзілісті толықтырып, ұлттық кодты қайта жандандырудың нақты көрінісі. Яғни, мереке әрі жыл басы болуымен қатар, қоғамды біріктіретін, адамды тәрбиелейтін, ұлтты жаңғыртатын жүйе.

Көктеммен бірге келген бұл мейрам – үміттің бастауы. Ал, Наурызнама – сол үмітті жүйелеген, мәнге айналдырған ұлы дәстүр.

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

• НАУРЫЗ-ЛЕБІЗ

## Көктің нұры төгіліп...

Сарыарқаның сайын даласын сағындыра жететін Ұлыс мейрамы – қысы қытымыр, жазы жайдары Арқа жұрты үшін айрықша әрі қастерлі. Алты ай қыстың құрсауынан шыққан кеншілер өлкесінің тұрғындарына Наурыздың әр шуағы – үміттің, әр лебі – жаңарудың жаршысындай. Билығы көктем де ерекше мейірімін төгіп, күн күліп, аспан ашылып, айнала нұрға бөленіп тұр.

Арқа топырағы – талай асылдың кіндігі кесіліп, өрелі өнердің бесігі болған құтты мекен. Осы қасиетті өңірде қазақтың дәстүрлі әні қалықтап, халық мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа аман жетіп келеді. Бұл күні әр шаңырақта қазан көтеріліп, ақ молайып, ағайынның арасы жақындай түседі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіліп, салт-дәстүріміз қайта түлейді. Ән шырқалып, күй төгіліп, даланың үні мен халықтың жаны бір арнада тоғысады. Сол әуендер арқылы біз өткенімізді түгендеп, бүгінгімізді бағамдап, ертеңімізге бағдар жасаймыз.

Наурыз – бірліктің, берекенің, жаңарудың мейрамы. Бұл күні айтылған әрбір ақ тілек қабыл болсын, әрбір ниет оң болсын! Баршаңызға зор денсаулық, отбасы амандығын, еңбектеріңізге береке тілеймін! Әр шаңыраққа шаттық пен ырыс орнап, ел іргесі берік, мерейі үстем болғай! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Наурыз құтты болсын!

**Жақсыкелді КЕМАЛОВ,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

• НАУРЫЗ-НАҚЫШ

## Әр оюдың мәні бар

Наурыз мейрамы келісімен ұлттық киімге деген сұраныс күрт артатыны үйреншікті жағдай. Сандықтың түбінде жатқан шапандар мен қамзолдар жарыққа шығып, бешпенттер түрлене бастайды. Соңғы жылдары бұл үрдіс тек мерекелік науқанмен шектелмей, күнделікті өмірге де еніп, әсіресе, жастар арасында өзіндік трендке айналды. Алайда, ұлттық киімнің сыртқы келбеті жаңғырғанымен, оның ішкі мазмұны қаншалықты сақталып отыр? Біз «бренд» қуалап жүріп, бабалар қалдырған «кодты» жоғалтып алған жоқпыз ба?

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Сән мен мән

Бүгінгі таңда ұлттық киімнің жаңа қарқынмен жаңғыруы – көңіл қуантатын жағдай. Десе де, бұл бетбұрыс көбіне тренд деңгейіндегі сыртқы қалыппен шектеліп, оның ішкі терең мазмұны мен қолдану қағидасы тасада қалып бара жатқандай. Әсіресе, қасиетті ою-өрнектерді қолданғанда жас ерекшелігі мен жыныстық айырмашылықтарды ескермеу, киімнің тарихи-әлеуметтік қызметіне ағуіт қарау жиі байқалады.

Деректерге үңілсек, қазақ ою-өрнектері мазмұны мен шығу тегіне қарай бірнеше іргелі топқа жіктеледі. Өсімдіктестес өрнектер Жер-Ананың құнарлылығын, өмірдің жаңаруы мен мәңгілік өсіп-өркендеуді бейнелесе, жануартектес (зооморфтық) оюлар далалық өркениеттің айнымас серігі ретінде күш-қуаттың, батылдық пен қайсар рухтың символы саналады. Геометриялық және космогониялық өрнектер адам мен әлемнің, жер мен көктің байланысын, ғарыштық үйлесімді бейнелейтін терең пәлсапалық таңбалар.

Әрбір оюдың өз ірімі, өз орнегі және киім үлгісіндегі заңдылығы бар. Ұлттық киімдегі ою-өрнектің қолданылуы да белгілі бір жүйеге негізделген. Олар адамның жасына, жынысына және қоғамдағы мәртебесіне қарай мұқият таңдалып, киімнің нақты бөліктеріне (жаға, жең, стөк) лайықталып орналастырылған. Мысалы, әйелдер киімінде нәзіктікті паш ететін иірімді, жұмсақ өсімдіктестес өрнектер басым болса, ерлер киімінде айқын, жинақы, рухты білдіретін геометриялық немесе мүйіз тектес өрнектер қолданылған.

### Дизайн мен дәстүр

Ұлттық киімдегі осы бір терең мағына мен ғасырлар бойы қалып-

тасқан жүйе бүгінгі дизайн өнерінде қаншалықты ескеріліп жүр? Осы сұраққа жауап іздеп, біз Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің педагогика факультетіндегі Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасына арнайы барып, осы салада көп жылдан бері ізденіп келе жатқан білікті маман, профессор-ассистент Асыл Манабаеваның пікірін жеткіздік.

– Ою-өрнек – адамның ішкі болмысын, сенім-нанамы мен тұрмыс-салтын бейнелейтін мұра. Мұнда әр ірімінің өз орны, әр өрнектің өз қызметі бар. Әсіресе, әйел киіміндегі өрнектерге қойылатын талап – нәзіктік пен үйлесім. Көбіне жұмсақ, иірімді келетін өсімдіктестес өрнектер қолданылады. Мысалы, гүл – жастық пен сұлулықты, жапырақ – өсіп-өркендеуді, ал, шиыршықталған өрнектер – өмірдің мәңгілік жалғастығын білдіреді. Кейде жеңіл зооморфтық элементтер кездескенімен, олар көзге ауыр тимейтіндей, өте сәндік сипатта берілуі тиіс, – дейді ол.

Асыл Шанкерекқызының пікірінше, бүгінгінің басты қателігі – үйлесімділіктің бұзылуы. Әйел киімінде, ғарыштық үйлесімді бейнелейтін терең пәлсапалық таңбалар. Әрбір оюдың өз ірімі, өз орнегі және киім үлгісіндегі заңдылығы бар. Ұлттық киімдегі ою-өрнектің қолданылуы да белгілі бір жүйеге негізделген. Олар адамның жасына, жынысына және қоғамдағы мәртебесіне қарай мұқият таңдалып, киімнің нақты бөліктеріне (жаға, жең, стөк) лайықталып орналастырылған. Мысалы, әйелдер киімінде нәзіктікті паш ететін иірімді, жұмсақ өсімдіктестес өрнектер басым болса, ерлер киімінде айқын, жинақы, рухты білдіретін геометриялық немесе мүйіз тектес өрнектер қолданылған.

Ерлер киіміндегі оюлардың да жосығы бөлек. Олар қайсарлық пен рухты сездіруі тиіс. Қошқар мүйіз – өжеттіліктің, арқар мүйіз – биіктік пен батыллықтың, ал, сынық мүйіз – табандылықтың белгісі. Сондай-ақ, қорғаныш мәніндегі тұмарша өрнегі де ерлер киімінде нық әрі айқын көрініс табады.

Сұхбат барысында Асыл Шанкерекқызы бүгінгі қоғамдағы түйткілді мәселенің бірі – қасиетті ны-

шандарды жөн-жосықсыз қолдану мәселесіне де тоқталды. Мәселен, шаңырақ бейнесінің күнделікті тұрмыстық бұйымдарда немесе аяқ астына төсейтін кілемдерде өрнектелуі – кешірілмес қателік. Өйткені, шаңырақ – биіктіктің, қасиеттің, тұтастықтың символы. Оны көрпешеге немесе аяқ астына түсетін бұйымдарға басу – танымдық сауатсыздық.

### Талғам мен талап

«Шымшық сойса да, қасашпы сойсын» дегендей, ұлттық киімнің танымдық астары туралы сөз қозғалғанда, нағыз майталман мамандардың пікіріне жүгінген абзал. Бұрнағы бабаларымыз хабар-ошар үшін жан-жаққа ат шаптырса, біз бүгінгінің «онлайн-арғымағы» – әлеуметтік желінің көмегімен іздегенімізді тапқандай болдық.

Өмірін колонерге арнаған қадірлі ұстаз Қамаш Төлеубаеваның негізгі мамандығы тарихшы, бірақ, тағдыр жазуымен баба кәсібінә біржола бет бұрған. Қазір зейнет жасында болса да, Қарағанды құрылыс-техникалық колледжінде жастарға дәріс беріп, колонердің қыр-сырын үйретіп жүрген жан. Алты жасынан тігін машинасына отырып, анасының қасында жүріп шеберлікке машықтанған Қамаш апайдың әр сөзінде мән бар.

– Шәкәрім қажының «Әр жаста әрбір түрлі міндетің бар, қай жаста не істейтін кезіңді біл», – деген сөзін баршамыз білеміз. Сол сықылды, әр киімнің де өз орны, өз атқаратын қызметі мен әлеуметтік мәртебесі болады. Алты жасынан тігін машинасына отырып, анасының қасында жүріп шеберлікке машықтанған Қамаш апайдың әр сөзінде мән бар.

– Шәкәрім қажының «Әр жаста әрбір түрлі міндетің бар, қай жаста не істейтін кезіңді біл», – деген сөзін баршамыз білеміз. Сол сықылды, әр киімнің де өз орны, өз атқаратын қызметі мен әлеуметтік мәртебесі болады. Бұрын кимешектің артқы бөлігі жамбасқа дейін түсіп, денені тұтас жауып тұрған, – дейді ол.

Қамаш апайдың айтуынша бүгінгі таңда киімдердің атауы мен қолданылу мәдениеті де ескерілмей жатады.

– Шыңтуайтыңда, шапан – жүннен түгілген, ат үстінде суықтан қорғайтын қалың киім. Ол сән үшін емес, қажеттілік үшін тігілген. Ал, қазіргі жеңіл, алды ашық, сәндік үшін киятын киімді желбегей деп атаған дұрыс. Тағы бір айтарым, қазір тақияны жасы бар, жасамысы бар, барлық әйелдер киіп жүр. Бұл – түбегейлі қате. Түптеп келгенде,



**Әйелдер киімінде нәзіктікті паш ететін иірімді, жұмсақ өсімдіктестес өрнектер басым болса, ерлер киімінде айқын, жинақы, рухты білдіретін геометриялық немесе мүйіз тектес өрнектер қолданылған.**

тақия – тек қыз бала мен бойжеткеннің киімі. Келіншек болған соң – жаулық, балалы болған соң – кимешек. Әр нәрсеңіз өз жолы бар. Бұрын қыз баланың басындағы тақиясына қарап-ақ, оның оң босағада отырған бойжеткен екенін алыстан аңғаруға болатын. Сол себепті де салттан жығылмайық, – деді Қамаш Төлеубаева.

Бүгінде ұлттық киімнің қайта жаңғыруы қуантпай қоймайды. Алайда, осы үрдіспен қатар, оның ішкі мазмұны мен қолдану мәдениетінің әлсіреп бара жатқанын байқау қиын емес.

Ең алдымен, көзге түсетіні – ою-өрнектің орынсыз және шамадан тыс қолданылуы. Бүгінде кез келген киімге ою жапсыра салу ұлттық нақыш ретінде қабылдана бастады. Баспа технологиясының дамуы да бұл үрдісті күшейтіп отыр. Ою-өрнек енді ойылып, кестеленіп емес, баспамен оңай түсіріле салатын элементке айналды.

### Түйін

Бүгінде ұлттық киімнің қайта жаңғырғаны рухымыздың оянағанын, өркениетімізді тануға де-

ген құштарлықтың айқын белгісі. Ою – жапсырма емес, ол – киелі таңба. Оны бейберекет қолдану – әліпбілді білмей тұрып, кітап жазуға ұмтылумен тең. Егер біз ұлттық киімді тек сыртқы жылтырағы үшін киек, уақыт өте келе мәні жоқ матаға айналады. Ал, егер оның әрбір орнегіне мән беріп, парқын жете түсініп киек – бұл біздің мәдениетіміздің сауықтай берік, алмастай өткір болуына кепілдік береді.

Суреттер  
«Ою ою, өрнек сал» кітабынан



# Сән-салтанаты жарасқан



зыгушылық танытқан.

Фестивальге қатысушылардың бірі Ұлжан Айдилаеваның туындыларының да тарихы тереңде жатыр. Сән әлеміне қызығушылығы оған бала кезінен дарыған. Кәсіби деңгейде жұмысын ол тұңғыш перзентін дүниеге әкелгеннен кейін бастапты. Қазіргі таңда дизайнердің тек жеке бренді ғана емес, өз цехы да бар.

– Бастапқыда үйде жалғыз жұмыс істедім. Уақыт өте келе, туындыларым көпшілікке ұнай бастады. Бесінші балам дүниеге келгеннен кейін кішкентай цех аштық. Қазір цехта 10-нан астам тігінші еңбек етеді. Біз дәстүрлі киімді заманауи интерпретацияда ұсынамыз. Мысалы, шапандарды күнделікті киетін күртеше түрінде тігіп шығарамыз. Негізінен, біздің жұмыстарымыздың басым бөлігі ерлерге арналған. Ерлер киіміне сұраныс өте көп. Ал, осы жолғы фестивальге мен әйелдерге арналған 11 образымды ұсынып отырмын, – дейді Ұлжан Айдилаева.

Кеш соңында барлық қатысушылар марапатталды. Алайда, ең басты сый – көрермендердің шынайы қошеметі. Бүгінде Қарағанды дизайнерлері өз шеберліктерін танытып, ұлттық сәнді заманауи форматта көрсетуге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, биыл дизайнер ресми түрде өз брендин тір-



налары АҚШ-тен бастап, Таяу Шығыс елдерінде сақтаулы. Атап айтсақ, фламинго мен пейзаждар бейнеленген шығармалары қазір Калифорния мен Кувейтте сақтаулы тұр.

Жаңа топтама болса да, дизайнер өзіне тән колтанбасын сақтап қалыпты.

– Біз ұлттық кодымызды заманауи форматқа бейімдеуіміз қажет. Таза дәстүрлі киімдерімізді шетелдіктер түсіне бермейді. Сондықтан, тепе-теңдікті сақтаған жөн. Жаңа топтамада эксперимент басым болды. Киіз, былғары, тері, әшекейлер, тіпті, сүйек те қолданылды. Маған әрдайым ешкім жасамайтын нәрсені жасау қызық, – деді дизайнер.

Сонғы жылы Евгения өз шығармашылық ауқымын едәуір кеңейткен. Оның қолынан шыққан бұйымдар мен текстильдік карти-

кеп, көрмелерге белсенді қатысып жүр. Әсіресе, көрмелерге киізден әзірленген жұмыстарын көпшілік назарына ұсынуда. Ал, оның мұндай шығармашылық әдісіне бүгінде шетелдіктер ерекше қы-

Алдағы уақытта дәл осы фестивальде әлі талай жас дизайнерлердің жұлдызы жанатыны анық.

Суреттерді түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бүгінде қазақтың ұлттық киімдері тек мерекеле ғана емес, күнделікті өмірде де кенінен қолданылып жүр. Ия, ұлттық киім ешқашан ескірмейді. Сәннен де шықпайды. Осы мақсатта өңірде биыл үшінші жыл қатарынан «Nauryz – Fashion» этно-заманауи киімдер фестивалі өтті. Кеншілер мәдениет сарайында өткізіліп отырған іс-шараға өңірдің сегіз дизайнерінің жаңа топтамасы көпшілік назарына ұсынылды. Аталған фестиваль Наурыз мерекесінің онкүндігі аясында өткізілген.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, фестивалді ұйымдастырушы – Кеншілер мәдениет сарайы. Шара облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өткен. Ал, сегіз дизайнердің қатарында көпшілікке бұрыннан та-



нымал шеберлермен қатар, жаңа қатысушылар да бар. Солардың қатарында Евгения Шульц (Eve Art бренді), Гүлнұр Жарылханова (ATELIER GULNUR STUDIYA), Салия Бейсенова (SaLIYA), Индира Белғазы (KORKEM brand), Ұлжан Айдилаева (ULJAN), Арман Дюсенбаева (Dream Dyuysenbaeva), Раушан Амантаева (SAMGA) және Нұргүл Рыскулова (NURASEM) сынды бас шеберлердің туындылары ұсынылған.

Көрсетілімде Евгения Шульцтің жұмысы көпшілік назарын бірден аударды. Биыл дизайнер «Душа Тенгри» атты концептуалдық топтамасын ұсынаған.

• БАЙҚАУ

## Баба мұрасы ұлықталды



Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Наурызнама» тұжырымдасының онкүндігі аясында «Шаңырақ» күніне арналған қалалық «Ұлт мұрасы – киіз үй» атты киіз үй макетін жасау бойынша колөнер шеберлерінің байқауы өтті.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Майқұдық мәдениет үйі директорының орынбасары Амангелді Ахметжанов байқаудың мақсатына тоқталды.



– Байқаудың мақсаты – қазақ халқының ұлттық мұрасы болып саналатын киіз үйдің тарихи және мәдени маңызын насихаттау, жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, колөнер дәстүрін дамыту және шығармашылық қабілеттерін қолдау. Осы байқау арқылы біз ұлттық құндылықтарды насихаттаймыз. Киіз үй – әлемдік өркениеттердің алдыңғы қатарында болған көшпенділер өркениетінің символы. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында мұндай байқаулар жас ұрпақ үшін маңызды, – деді Амангелді Ахметжанов.

Аталған байқауға Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданының мектеп оқушылары қатысып, өздерінің шеберліктерін көрсетті. Қатысушылар ұлттық нақышта безендірілген киіз үй макеттерін ұсынып, қазақтың дәстүрлі колөнерін дәріптеді.

Байқау қорытындысы бойынша I орын № 36 жалпы білім беретін мектептің «Ұлы дала ұрпақтары» командасына, II орын Ботақара кентіндегі Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебінің «Тұмар» командасына, III орын «Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектептің «Жас сұңқар» командасына бұйырды.

«Көрермен көзайымы» номинациясын №22 мектеп-интернатының «Жас қырандар» командасы және Талғат Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектептің «Жас қырандар» командасы иеленді.

Барлық жүлдегерлер мен номинация иегерлеріне диплом мен ақшалай сертификаттар, қатысушыларға Алғас табысталды.

Қазылар алқасы байқауға ұсынылған жұмыстарды, шығармашылық деңгейі, жұмыстың көркемдік безендірілуі және ұлттық нақыштың сақталуы бағыттары бойынша бағалады.

Сурет автордан

• 21 НАУРЫЗ – ЫНТЫМАҚ КҮНІ

## Ырыс алды – ЫНТЫМАҚ

Биылғы Наурыз мейрамының жөні бөлек. «Наурызнама» онкүндігі аясында әр күннің өзіндік мән-мағынасы бар. Бүгін – Ынтымақ күні. Жер-дүние жаңарған осынау шақта Сарыарқа жұртшылығы бірлігін паш етіп, Ұлыстың ұлы күнін зор салтанатпен атап өтуде.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ырыс алды – ынтымақ» дейді дана халқымыз. Қазақстан аумағында 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Тарихты алмағайып замандарынан аман өтіп, бүгінгі берекелі күнге жетуіміз – ең алдымен, ауызбіршіліктің жемісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған зайырлылық саясаты мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларымен өткізілетін кездесулер – еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің жарқын айғағы. Астанада өтіп жатқан халықаралық деңгейдегі іс-шаралардың барлығы да біздің елдігімізді, ынтымағымызды паш етеді.

Арқаның төрінде де Наурыз мейрамы кең көлемде тойлануда. Облыстың орталық аландары мен саябақтарында нағыз этноауылдар бой көтерді. Аймақ бойынша 200-ге жуық киіз үй тігіліп, қазақы қонақжайлылықтың үлгісі көрсетілуде.

Бүгін Қарағанды қаласының Орталық саябағында облыстың негізгі мерекелік бағдарламасы өтеді. Думанды көргісі келетіндер үшін іс-шара онлайн режимде де тікелей көрсетілетін. Саябақтар-

да спорттық жарыстар, мерекелік жәрмеңкелер мен театрландырылған қойылымдар халықтың көңіл-күйін көтеруде.

Биылғы Наурыздың тағы бір ерекшелігі – ұлттық құндылықтар мен заманауи технологиялардың ұштасуы. «Террикон алқабы» IT-хабында Қарағанды Урбанистика орталығы мен «Kazpromavtomatika» компаниясының ұйымдастыруымен «Digital Nauryz» фестивалі өтуде. Мұнда робот-қол құрылғысы таныстырылып, мерекеле жаңаша сипат берілді.

Кеншілер астанасының мәдени өмірінде айтыстың орны бөлек. С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында бүгін «Армысың, әз Наурыз!» атты халықаралық акындар айтысының аламаны қызады. Бұл долада Мұхтар Әділов, Еркеғали Бекболат, Дидар Қами сынды танымал дүлдүлдер бақ сынап, ұлттық өнерімізді төрте оздырмақ.

Ұлыстың ұлы күні – ұлтты ұйыстыратын ұлы құндылық. Сарыарқа төріндегі мерекелік думан тек көктемнің келуін ғана емес, ел ішіндегі ынтымақ пен бірліктің мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдесе керек.

Суретті түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Оқырмандар назарына!

Газеттің келесі саны 28 наурыз, сенбі күні шығады

«Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қушығыс жұрттарының көбі, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Бұхар, Кавказ, түркістандықтар мейрам етеді. Бірақ, бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымы, артықша дәлелді. Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз!

Міржақып ДУЛАТОВ

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлихан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035  
№31 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ермаған КЕҢЕСБЕКҰЛЫ